Бәса бақса ´умрі іңен қысачуқ.

Нисаб болса еурүлсә бір йыл тәмам,
Зәкат қалса малы ічіндә хәрам,
Нисаб ´әйші әсбабларында кезін,
Йегірмі бұ алтұн тұтар йыл улам.

Дәрәм еккі йүзде зәкат беш дәрәм,
Берү білсә тәуфиқ ´инайәт кәрәм,
Ерур дунийа фани бұ мал мәмләкәт,
Қаны малы Қарун қаны ол қурам.

Бұ алтұн күмішдін айақ чарәләр,
Қылур бай малик бег бұ бичарәләр,
Егер бермеселер бұлардын зәкат,
Фәқирның фәқиры-у начарәләр.

Егер болса алтұн күміш құрлары,
Зәкат берсе артар көңүл нұрлары,
Хәрам болса йахуд зәкат бермесе,
Тамуғдын чуқур ол тәні гурләрі.

Білезүк йүзүк йа қырaңдын нисаб,
Ысырға йа шамушәләрдін хисаб,
Қылып бергү бұл жумләсіндін зәкат,
Егер бермес ерсе түкенмес ´әзаб.

Мәта´ бәндә ғәллә тауар ей бөзі,
Қатыр һәм химарда зәкатның сөзі,
Тұтар болса мұнларны сатмақ үчүн,
Берүр жумләсіндін зәкатның түзі.

Нисаб болса қурбан уажиб қылмақы,
Нәмаз рузә тег біл уәбал қалмақы,
Бұ қурбан қийам-у сийам-у зәкат,
Нишан ол тамуғдын әзад болмақы.

Қойун ечкү қурбан қылынса йарар,
Айақы құлақы тәмам көз көрер,
Рәуа ермес ахсақ көзі чықмышы,
Аның кім құлакда һәм азрақы бар.

Зәкат бермесе кім малындын оза,
Қамуғ та´әтіні ұрұрлар йүзә,
Аңар иман Ислам асығ қылмағай,
Зәкатны арытып қойарлар көзә.

Йүзін дағлағайлар қабұрғаларын,
Һәм арқан йатұрұп қойуп от қорын,
Басып йүзін отға қаратып меңіз,
Басұрғай башынға тамуғ от қирн.

## ФӘСЛ

´Ушр бергү ´ушрі егер болса йер,
Айақ онда батман чықар нисфы бір,
Хәражы йер ерсе ´ушр йоқ аңа,
´Ажәм мулкі көпрек хәражы бұ тер.

Өгүздін йа йағмұрдын еккен екін,
Ерур ´ушрі тұтғу ´ушрнуң йүкін,
Арықлардын еккен хәражы ерур,
´Ушр йоқ нече көп екін йа текін.

Екіп өнсе некім берің тер зәкат,
Хәнифә олар тер му´аф хәзрәуат,
Хәнифә екінде укуш аз теміш,
Әбу Йусуф айтур беш әусуқ сифат.

Ерур еккі йүз қырқ бұ уәсқ бірісі,
Болур йүз йігірмі мұнұң йарысы,
Мәгәр зә´фиранда бұ беш қимәті,
Әбу Йусуф айтур тақы бірісі.

Керек тер беш әмсал бұ беш йүк болур,
Йүкі еккі йүзге йетер раст келүр,
Тақы зә´фиран беш керек батманы,
´Ушр берсе йүз мың сә´адәт алур.

Жәһанның әманы фақир һиммәті,
Ғанилар үзәлә фақир миннәті,
Фақир некім алса ´әзаб кетерур,
Тақы артар еккі жәһан дәуләті.

**ФӘСЛ**

Теуелер таш отлағда йайы кіші,
Нисаб болса бергей зәкатын кіші,
Мүнүлмес мә´ишәт үчүн ішлемес,
Нисаб білгү ушбу теуеде беші.

Теуе бешде бір қой тақы төрт мухаб,
Тақы онда еккі қойун раст хисаб,
Тақы болса он беш зәкат үч қойун,
Йігірміде төрт қой жәза көп сәуаб.

Йігірмі тақы бешде бергей кіші,
Зәкат уаш түкетміш торум һәм тіші,
Тақы оттұз алтыда еккі йашын,
Түкетміш керек біл зәкат сақышы.

Теуе қырқ тақы алты болса саны,
Зәкат төрт йашында керек тұрғаны,
Егер болса алтмыш тақы бір теуе,
Берер жәз´ә беш йаш фәрманы.

Йа бинти мәхаз бұ йа бинти ләбун,
Йа хиққа йа жәз´ә ´әжәб келмесүн,
Мәхаз еккі йашда ләбун үчдә біл,
Булур төртдә хиққа жәмәлгә орұн.

Тақы жəз´ə беш йаш ічіндə болур,
Теуедін зəкаты бұ төрт ат келүр,
´Илм бірлə берсе зəкатны біліп,
Түкенмес бұ дəулəт сə´адəт алур.

Қачан йетміш алтыға тегсе теуе,
Зəкат еккі бинти лəбун бер сеуе,
Зəкат еккі хиққа берілсе керек.
Егер болса тоқсан тақы бір теуе.

Теуе йүз йігірміге тегсе қачан,
Беш артмышда қой онда екі рəуан,
Егер артса он беш зəкат үч қойун,
Йігірміде төрт қой тақы хиққəтан.

Теуе йүз тақы қырқ бешінде зəкат,
Мəхаз еккі хиққа келүр бұ үч ат,
Йүз елігде үч хиққə бермəк керек,
Зəкат берсе ұчтмах тамуғдын нəжат.

Тақы арытса тегме бешінде қойун,
Йігірмі беш артса мəхаз қой үчүн,
Егер оттұз алтыға тегсе теуе,
Мəхаз орныңа емді бинти лəбун.

Теуе йүз тақы тоқсан алты қачан,
Егер болса төрт хиққə берің рəуан,
Зəкат мал хисары тауар артурур,
Əйа мумин муəххид білің бигуман.

Йетəр еккі йүзгə тегі төрт хиқақ,
Тақы артса бешде қойун иттифақ,
Йігірмі беш артса мəхаз артурур,
Бір елігде хиққа көп артса хиқақ.

Йүз елігде кезін білінген хисаб,
Білің мундын өңрү келүр раст сəуаб,
Бұ тəртиб білү берсе мумин кіші,
Зəкатул-ибилдə мұңы йоқ жəуаб.

## ФӘСЛ

Зәкат оттұз уйда бұзағу ерур,
Тақы қырқда тана хукм бұ тұрұр,
Бір артмышда тана бәхасындын он,
Үлүш бірі төртде біріні берур.

Егер еккі артса ´ушр йарысы,
Тақы төртде білгіл ´ушр барысы,
Білің қырқдын алтмышға тегрү хисаб,
Мұнұң тег нече артса һәр бірісі.

Му´аф анлар алтмышға тегрү тұтар,
Бұ бір тана алтмышға тегрү йетер,
Керек ерсә фани беріп бақи ал,
Хәнифә сөзін тұт башыңны құтар.

Тәби´ йа мусиннә білің еккі ат,
Келүр уй ічіндә берілсә зәкат,
Тәби´ йаш түкетміш бұзағу аты,
Мусиннә бұ үч йашға кечміш сифат.

Егер болса алтмыш бұ уйлар саны,
Тәби´ еккі бергей ейе болғаны,
Тақы болса йетміш мусиннә тәби´,
Берілгей білің бұ зәкат фәрманы.

Нече болса оттұз тәби´ анча бер,
Нече қырқ мусиннә ушал санча бер,
Тәби´ йа мусиннә мусиннә тәби´,
Хисаб қыл зәкатны тақы анча бер.

## ФӘСЛ

Бұ қырқ қойда бір қой зәкат кечсе йыл,
Тақы йүз йігірмі егер болса біл,
Тақы артса бір емді еккі зәкат,
Берур еккі йүзге тегі мұнча біл.

Тақы артты бір емді үч қой берур,
Бұ төрт йүзге тегрү кифайәт ерур,

Егер болса төрт йүз зәкат йүзде бір,
Түмен мыңгә тегрү мұңұң тег турур.

Торумлар бұзағу қозылар нечә,
Әлиф, мим бұйұрмас зәкат бұ үчә,
Әбу Йусуф айтур бұлардын берің,
Егер болса саны зәкат бергүчә.

## ФӘСЛ

Зәкат ат башындын бір алтун берің,
Йоқ ерсә зәкаты бәдәл раст қылың,
Хәнифә бұйұрмыш түкел ақтадын,
Олар жумләсіндін бұйұрмас білің.

Өгүрсе де қырсақ зәкат йоқ турур,
Тақы бар тақы йоқ риуайәт ерур,
Имами му´әззәм сирәжул-уәра,
Өзіндін бұ еккі риуайәт келүр.

Му´әззәм имамдын қаул келсе бір,
Ол еккі имамнұң сөзі болса бір,
Йа муфти йа қази йа мумин кіші,
Қайу бірі бірлә ´әмәл қылса бір.

Имам Шафи´и һәм тақы бақисы,
Бірі қаулы бірлә ´әсир қазисы,
Хукм қылса болур білің муттәфиқ,
´Әмәл қылса болур тұтұп қайысы.

## ФӘСЛ

Зәкат кімге бермек керек біл рәуа,
Фақир ол йа мискин ерур бинәуа,
Йа бочлуқ йулуғлуғ мукатиб ғариб,
Бұ жумләгә бергу бірі һәм рәуа.

Атаға рәуа йоқ анаға тақы,
Оғұл ахтық ұлұқ несе асрақы,
Атаның атасы атасы нече,
Өтесі өтесі бар ерсә бақи.

## ФӘСЛ

Біліӊ ауны кім тұтса болур аныӊ,
Рә´ийәт уәзир бег керек сұлтаныӊ,
Уәли аш төкерлер некім ау тұтар,
Олар мілкі берсе хәлал ол алыӊ.

Бір оқ бірлә атса құш ұрса нече,
Кезік бір йа еккі керек һәм үче,
Қамуғы хәлал тәсмийәт бірлә оқ,
Атып ұрса мумин жәуаб ош ача.

Зикир бірлә атты кезік ізлегу,
Егер кече болса йонін йүзлегү,
Ізін ізлемекде осал қылмадын,
Йарын йетсе йенур чынын сөзлегу.

Қылып тәсмийәт оқ атып иртидад,
Кетүрсе йенүр ол кезік йоқ фәсад,
Кафир атты мумин болуп тәсмийәт,
Қылып тегді йенмес сахиб рәшад.

Біліӊ тәсмийәт бірлә ыймышда құш,
Хәлал йесе андын қалығлы үлүш,
Егер йесе ауны тұтұп ит хәрам,
Хәлал йемес ерсә әйа сахиб уқуш.

Му´әййән кезіккә ит ыйса йа құш,
Тұтар болса өзге барыбан тұтұш,
Егер тәсмийәт бірлә болса хәлал,
Тақы істер ерсәӊ риуайәт укуш.

## ФӘСЛ

Боғұзлар боғаз йумрусындын укуш,
Башы йар-й йығыл әйа сахиб уқуш,
Нечә аз тақы берсә болғай хәлал,
Хилаф қалса салим боғаз бір тұтұш.

Боғұзланса хәйуан хәлал терісі,
Боғаз еккі кесліп сүтун бірісі,

Хәнифә тейур үч кесілсе хәлал,
Мухәммәд тейур төрт укуш йарысы.

Тіріглік нишаны азақ йығмақ ол,
Йа көз йүммәк ол йа ағыз қысмақ ол,
Йа қопмақлық өре анық түглері,
Йа кесмішде қаны ата чықмақ ол.

Ұнұтса боғазларда мумин кіші,
Изи зикрін аймақ хәлал қылмышы,
Изи зикрі мумин ічі толуғ ол,
Зийан йоқ ұнұтса тамақ тіл тіші.

Тіші нарәсидә сунуб хатнәсіз,
Боғузласа бірі хәлал ол йәтіз,
Қузуққа чуқурға түшүп болмаса,
Боғаз йерге болса бычақ түртгесіз.

Кезік йа құлан, уй, теуе, қой, қозы,
Болур мунча бірлә хәлал пак рузи,
Қамуғ ишде йегрек бұ дін ішлері,
Қамуғ сөзде йегрек бұ діннің сөзі.

## ФӘСЛ

Ішім ішләгіл тер бұкүн сен менің,
Йарын ішләгәймін ішің тер сенің,
Бұ ´әқд бірлә ішләсәләр еккісі,
Футухы риба тег анық һәм анық.

Теуе уй керәк ат, қатыр йа химар,
Алур бергемін тер уарын күн сақар,
Йа мүнсе йа ішләтсә білгү хәрам,
Нечә қылсалар күн му´әййән қарар.

Нечә күнгә берсе йәнә кім алур,
Нә бәй´-у ижарәт нә ширкәт болур,
Нә ´арйәт нә бәхшиш бұ еккі ´йуаз,
Футухы хәрамлұқ йанындын келүр.

Ешіт біл әйа мумин муәххид сәлим,
Хәлал беріп алған хәрам йер телім,

Бір алтұнға хәббә йа тас су алып,
Хәлал көрсе кафир рәуан тегелім.

Риба луқмасы біл тоңұзұн еті,
Тоңұз қаны білгіл риба шәрбәті,
Риба алса йесә тақы қорқмаса,
Аның үзрә еккі жәһан ләˊнәті.

## ФӘСЛ

Білің алтун алтунға бәйˊ рәуа,
Егер артұқ алса хәрам от риба,
Күмішгә күміш хукмі һәм мунтегок,
Күміш алтун ара зийадә рәуа.

Күміш бірлә алтун сатығ қылсамыш,
Йа алтунға алтун күмішгә күміш,
Бірі біргә бәйˊ дуруст қабзі шәрт,
Ушал мәжлис ічрә көңүлгә кеміш.

Білің михлу ˊәдлі тақы сом күміш,
Сахиб шәрˊ бұ еккісіні тең теміш,
Бұ михлу бұ михсыз теп артұқ егер,
Алур болса болғай хәрам от йеміш.

Муˊәййән баһа саттым алдым йетер,
ˊАруз бәйˊ мұнча білә раст бітер,
Шәмәнні шәмәнгә сатығ қылсалар,
Дуруст қәбзі бірлә шәриˊәт тұтар.

## ФӘСЛ

Сәләм бәйˊі бірлә сатығ қылсалар,
Дуруст жинс-у нәуˊ-у сифәт білсәләр,
Не миқдар қач айға бәһасы нечә,
Тақы мәжлис ічрә бәһа алсалар.

Керек болса бақи сәләмдә мәбиˊ,
Йыл ічрә бұ күз, қыш тақы йай рәбиˊ,
Сәләм бәйˊі бірлә рәуа алмақы,
Некім уәсфі миқдары мәˊлум мәбиˊ.

Сағу тұтса йалғұз йа аршұн кіші,
Йа бір оба халқы екін екміші,
Йа бір айдын ексук әжәл бірлә кім,
Сәләм ´әқді қылса бұзұқ қылмышы.

Беріп ашлық ашлықны айлмақ рәуа,
Мәгәр жинсі болса зийадә риба,
Егер болмаса жинс рәуа артуқы,
Тақы болса нәсйә сатық нарәуа.

## ФӘСЛ

Бағышласа бір нең біріңе бірі,
Қабул бірлә қәбзі керек біл бары,
Ушал мәжлис ічрә қопуп кетмедін,
Дуруст болса бәхшиш тәмамәт ары.

Ижаб-у қәбул қәбз хибәдә йетәр,
Дуруст мұнча бірлә шәри´әт тұтар,
Алур қарғу бермесе йатдын йәнә,
Алумас қәйәшдін берілді өтер.

Атадын-анадын уйадын тақы,
Оғұл-қыз йа ахтиғ нечә асрақы,
Әчі йа әкәчі йа халә йа хал,
Бағышлап алумаз бұ жуфтдін тақы.

Егер берген алған есен болсалар,
Берілген не ерсені кім булсалар,
´Йуаз бермемішде алур әжнәби,
Ұрұғдын алумас нечә қолсалар.

Оғұл-қыз кічіг болса, берсә ата,
Му´әййән нең ерсә тәмам ол ´әта,
Қәбул қәбзі хажәт йоқ еккісінің,
Қылур қәбз берур болса йат бұ ата.

Бағышлап йәнә алса мани´ хуруф,
Бұ дал, мим-у ´әйн, һе, зе, қаф, зуруф,
Зийадәт тақы мәут ´йуаз һәм хуруж,
Зәужийәт қәрабәт һәлак бұ хуруф.

Біліӊ дал зийадәт тақы мимі мәут,
´Йуаз ´әйн хуруж хи ешіт ´илми сәут,
Зе зәужийәт ош біл қәрабәт қафы,
Тақы һе һәлак бұ һибә болды фәут.

Біліӊ тілге бағлығ йәмин-у ´әтақ,
Тәлақ тіл айытса, ешітсә қулақ,
Керәк ойнап айсұн керәк кіртүләп,
Түшер ант құл азад хәрам иттифақ.

Тіші ´иддәт ічрә тақы өлді ер,
Нетег болғай емді бұ ´иддәт мұӊар,
Тәлақ ´иддәті ер сөкел болмаса,
Қамуғ халдә Йә´қуб бәрабәр тұтар.

Хәнифә Мухәммәд тәлақи фирар,
Ічіндә бұ ´иддәт озақын тұтар,
Керек хәйз керек ай керек йа уәфат,
Не бірлә кім анда озақлық қопар.

## БАБУН ФИЛ-ИРАДАТ

Ирадәт беріглі ирадәт сөзін,
Ешіт ачсун Аллаһ бәшарәт көзін,
Мухиб нәунийазлығ мурид шәйхіӊә,
Керек қылса тәслим кечіп өз-өзін.

Өзін кечмегінче мурид болмас ол,
Мурид болмағынча нишан булмас ол,
Нишаны нишансыз булу білмегей,
Мұны төкмегінче анын толмас ол.

Бұ йол ічрә сен менлікі қойса сен,
Сеніӊ бірлә аны мухал булса сен,
Өзүӊдін үзүлгүн ачылсұн хәйат,
Тіріг еркән әууәл керек өлсе сен.

Тірік еркән өлмек һәуа йөнідін,
Бұ жумлә қамуғ нарәуа йөнідін,
Көӊүл Хаққа бағлап рәсулға уйуп,
Кесілмек өӊін масиуа йөнідін.

Ирадәт муриддин тіләк кетерур,
Мурид му тілекін тілін езерур,
Ирадәт беріп соң тіләк іздесе,
Мурид ермес ол тег қуруғ от ерур.

Мурид болса кечгу тілекдін тәмам,
Ирадәт муридға болур біл зимам,
Мурид мукҭәди тег керәк тұрса раст,
Ерур шәйх мұнұң тег муридға имам.

Хилаф қылса болмас білің мукҭәди,
Имамнұң соңынча кім уйдум теді,
Қылып тәубә достлар ирадәт берің,
Өлүп тәубәсіз көп өкүнчләр йеді.

Асығ қылмас ол көп өкүнч йесе соң,
Ер ол кім аңарса ішін мұнда өң,
Әжәлнің хәзаны келур нагәһан,
Уруғ ексә болмас кірур йергә тоң.

Сәна, хәмд-у тәсбих-у тәһлил уруғ,
Бұ мә´нә үчүн тіл йаратты қоруғ,
Сә´адәт ерур тіл мұнұн булса ол,
Шәқауәт егер болса мундын қуруғ.

Көзүн ´ибрәт ұрғын бақып ексе сен,
Елін хәйр-у ихсан сачып тексе сен,
Айақ ұрғы олкім қийамда қопұп,
Тәшәһһуддә ихлас білә чөксе сен.

Егер болса мунтег екінчі қачан,
Болур бөлнекіс сәккіз учтмах жинан,
Тәмам иртифа´и Изидін өңін,
Кіші қылса болмас сифат һәм бәйан.

Бұ көз көрміші йоқ құлақ тіңлеміш,
Көңүлгә кечіп бір нишан аңламыш,
Жунәйд, Шибли, Диһқан Уәйис, Байәзид,
Тақы кім кім анлар соңын соңламыш.

Бұ дунийа екін екгу йер біл мұны,
Хайр-шәрр су бе суе қийамәт күні,

Бұкүн некім ексең йарын орға сен,
Қатылған тірілгіл чынок раст көні.

Тікен ұрғын ексең чечәк өнмес ол,
Фәсад ағса сендін хәйр інмес ол,
´Әжәб таң ерур бұ кіші ғәфләті,
Не келгей мәңә теп соңын санмас ол.

Бұкүн йемәк-ічмәк тараб ´әйш сурур,
Мұнұң бірлә шәйтан қылур хош ғурур,
Уәли біл қийамәт күніндә бірін,
Бірін жумләсіндін сорулғу турур.

Көрүп ´ибрәт ештіп өгүт алмасаң,
Тірілгіл тілекче соңы өлмесең,
Сарып солча дәстар қыйынсыз кәфән,
Кезіп ғурны хәлуәт егер қылмасаң.

Мұны кел сақынғыл инабәт кетур,
Инабәтдін ашғыл ирадәт кетур,
Инабәт ирадәт йолын тұт йөрі,
Қамуғ хәуфдін өзүң сәламәт көтүр.

Инабәт улашу сәна қылса сән,
Ирадәт өзүңні фәна қылса сән,
Инәбат ирадәт тейу білмегіл,
Қылып тәубә іш йәнә қылса сен.

Ирадәт бұ иман бәқасы ерур,
Мәшайих мәдәд жан барурда берур,
Ирадәтсіз ергә кәрамәт рәуа,
Уәли ол төленмес йәнә тәрк барур.

## БАБУН ФИЛ-АДАБ

Тәриқәт йолынжа қулаууз әдәб,
Қулауузсузун йолға кірмәк ´әжәб,
Керек ерсә йетмек мәқамға саңа,
Әдәб беклегіл сені беклер әдәб.

Құлақ болғу әууәл ачылғанча тіл,
Ачылса айытғыл ´әмәл ушбу қыл,

Һәдис, нәс илһәми рәббанидын,
Сөзі болмағай таш мурид болса біл.

Келур болса шәйх хидмәтіңә мурид,
Сәлам шәйхдін істәр булур көп мурид,
Көрүшмішдә шәйхні қатығ қысмағу,
Көрүшмәк білур шәйх сәлим тұр мурид.

Шешіп белні андын көрүшгү керек,
Көрүшсә көкүзні сурушгу керек,
Әріғ и´тиқад көрклү адаб білә,
Кірібән бұ йолға йөрүшгү керек.

Елің тұтмышында елін ырғама,
Кім ырғаса төклүр бұ уазұқ теме,
Мурид шәйхні йазуқлұ теп білмегү,
Бұ мә´нәдін өтру елін ырғама.

Қачан кім мурид шәйх қатынға келүр,
Қадәм қылса сол йан аңақ не қылур,
Тақы бармышында бұ сағ йан йаңақ,
Кім алын білә Хаққа сәждә болур.

Бұ тәқсир йа бәхшиш муриднің хали,
Қадәм еккі мә´нәдін ермес хали,
Муқәссир қадәм сол йаңақ үзрә қыл,
Тақы сағ йаңақ болса бәхшиш хали.

Мурид келмішіндә муқәссир ерур,
Қачан кім нәзәрдін ирақ ол йурур,
Нәзәр болды бәхшиш бұ сухбәт келіп,
Қадәм сағ йаңақ бірлә қылды барур.

Мурид йөнсүзүн пеш қадәм қылмағыл,
Мурад мәқсудуңдын ирақ қалмағыл,
Қадәм дуд ужудні фида қылмақ ол,
Мұнұң бірлә хақдын өкін қолмағыл.

Әдәб беклегіл сен әдәбні біліп,
Футух йоқ әдәбсүз тапуғ көп қылып,
Біліп бір тапуғ йег түмен мың тапуғ,
Болур нист біліңбиәдәблүк келіп.

Мусафирның әхуалы білмек соруп,
Сәлам суфрәдін соң ерур олтуруп,
Үзе кечсә үч күн сорар ерділәр,

Бұкүн сорса болур үчін келтүрүп.
Тә´ам йемәк ічрә әдәб ол турур,
Тә´ам йегучі сағ тізін қалдурур,
Зикір туз білә башламақ суннәт ол,
Йемәк өз өңіндін сәфа келтүрүр.

Ушақ қылғу луқмә укуш чәйнәгу,
Нәзәр өз өңіндә тұтұбан йегу,
Йемекдін өң ел йуп тақы соңра һәм,
Татып туз соң әлхәмдулилләһ тегу.

Су ічмішдә үч іч тұрұп раст көні,
Әдәб ермәс ол біл еурүлмәк йөні,
Қамуғ нең төкүлсә барур су білә,
Қатығ емгәтур су төкүлсә сені.

Мурид кірсә мәсжид йа ханкаһқа ол,
Бұрұн сағ азақ қат қат чықар болса сол,
Керек еу зийарәт мәқамларыңа,
Білің кіргу мунтег йөрүглі бұ йол.

Киур сол азақ мустәрахқа үзә,
Сол елгің білә сил ешіт бұ сөзә,
Чықарда чықар сағ азақың бұрұн,
Әдәб білмішімчә уш айттым сізә.

Шәри´әтнің әхкамларын сақлағыл,
Тәриқәтнің адабларын беклегіл,
Қаулны ´әмәлгә ´әмәл хал тапа,
Нийаз бірлә түн-күн улап еклегіл.

## БАБУН ФИЛ-ИҚТИДА´

Білің кімге уймақ керек илк мұны,
Сені уйдурубан йөрітүр көні,
Хәқиқәт білүр Хақ уәли тег нишан,
Бұ мә´нәдін ілүр ешітгіл йөні.

Сулк бірлә мәжзуб болур муқтәда,
Ижазәтліг ерсә рәуа иқтида,
Йа мәжзуб-у салиқ керек уйса сен,
Бұ еккі біліӊ муқтәда муһтәда.

Уәли садә салик йа мәжзуб имам,
Болубан тегүрмес мурадға тәмам,
Йөрүглі шәри´әт білә салик ол,
Уәли болса мәжзуб қылумаз әрам.

Қылур жәзб аны фәзлі бірлә бәйат,
Аӊар масиуаллаһ болур жумлә йат,
Мурад булды әмма йолын білмеді,
Мұӊұӊ аты мәжзуб берілді бұ ат.

Рәуа и´тиқад біл уйулмас мұӊа,
Тәсәрруф нетег қылғу білмес саӊа,
Мурәбби-у мәкшуф-у ´ариф керек,
Рәуа болса уймақ тәмамәт аӊа.

Мурәббә´ мәшайих қылып тәрбийәт,
Тәкәллуф йітібән чықар мәскәнәт,
Мурәбби ушал дәмдә мәкшуф болур,
Ачылса қачан кім мұӊар мә´рифәт.

´Ариф Хаққа болур улашу әсир,
«Мути´ун ләһу» кудрәтінға бәсир,
Қәзаға риза һәм бәлаға сабир,
Қылур ни´мәтіӊә шукурләр кәсир.

Мухибләр нишаны бәлаға риза,
Қылурлар шукур Хақдін қәза,
Мурады мурады ічіндә йетіп,
Жәфаны тұтарлар хәқиқәт уәфа.

Біліӊ ушбу қач бәйт ерур тег нишан,
Тейу білмеӊіз кім бұ мутләқ бәйан,
Мурид нәунийазларға идрак үчүн,
Айурмыз фулан ол фулан ол фулан.

Хәқиқәтдә ´ирфан ачылса саӊа,
Бақа білмегей сін керек өӊ соӊа,

Қамуғ ´илм-у тәқуә ´ибадәтләріӊ,
Тәмам мә´сийәт тег көрүнгей саӊа.

## БАБУН ФИ БӘЙАНИС-СУХБӘТИ

Тәриқәтдә сухбәт қылайын тесеӊ,
Мұнұӊ тәхқиқыны білейін тесеӊ,
Сіз еккі тілекі керек болса бір,
Сенін ол анын сен болайын тесеӊ.

Тілек бірлікі бір екінч нисбәт ол,
Бұ еккі білә болса біл сухбәт ол,
Әгәр хали болса бұ еккідә бір,
Ерур ´адәті ´ам өӊін улфәт ол.

Бұ улфәт тұтар ´ам-у хәйуан көрүп,
Бұ сухбәт ерур хас біліӊ олтуруп,
Айытмақ білә білсә болмас тәмам,
Нишан худ булунмас тілесе соруп.

Суӊук сар сызурмақ керек бір бәйан,
Ачылса бұ йолда саӊа болса сан,
Түмен мыӊ білә ағу йутғу керек.
Кезін дост йөнідін ачылса нишан.

Бұ йол сәйқәли біл бұ тухмәт тұтар,
Мұнұӊ бірлә көп ер мәқамға йетер,
Хәқиқәт бұ йолда қадәм ұрғұчы,
Мәламәт жәфаға қачан бақ тұтар.

Мәламәт мухиб көӊлі тирйақы ол,
Егер ташласалар бұ хушрақы ол,
Уәли нәфсгә рахәт керек ´изз-у жаһ,
Қаһир қыл аӊа шәйтан ортақы ол.

Шәри´әт йүкін тарт йөрі раст көні,
Ешітгей құлақыӊ тәриқәт үні,
Йетіп істегіл өз-өзүӊдін кечіп,
Ачылғай саӊа бұ хәқиқәт йөні.

Мұнұӊ йөні йөнсүз тегөк бақса сен,

Бұ йөн анда ачылур еріп ақса сен,
Нәмаз рузә, та´әт бұ зуһд рәхтңә,
Мухәббәтнің оты чақып йақса сен.

Мухәббәтнің оты бағыр күйдүрүр,
Уәликин қабул тәшрифін кейдүрүр,
Уәра´ зуһд-у тәқуә білің жан ерур,
Ер ол кім білігге ´әмәл уйдурур.

Хәрамдын ирақ тұрса тәқуә ерур,
Уәра´ шубһәлігдін ирақрақ турур,
Білің Хақ йығақ бұйрұқын тұт йөрі,
Уәли зуһд бұ дунийа бырақмақ турур.

Бұ ´илм-у ´әмәлгә инанмағу ер,
Мәқам мәнзіліңә тайанмағу ер,
Изи кімні сеусә сә´адәт аның,
Ер олкім соңында тайынмағу ер.

´Ибадәт уәра´ зуһд-у тәқуә хижаб,
Мұнұң бірлә болур телім ер хәраб,
Кечіп нур-у зулмәт хижабын көрүң,
Телім су сақынған булур ол сераб.

Қамуғ түрлү та´әт тәмам сурәт ол,
Тақы сидқ-у ихлас аңа сирәт ол,
Чын оқ мұң нийаз жан ´ибадәт ужуд,
Білә болса хил´әт қабулийәт ол.

Қабуллуқ нишаны білің ол болур,
Хәйрнің соңынча хәйр кім келүр,
´Әзиз болмаса қыл қабуллық білә,
Бұ тәуфиқ ´әзиз ол нә бірлә булур.

Сәфа сидқ-у сухбәт көңүлні ачар,
Алып андын әнуар мәләк тег ұчар,
Кетіп ´әқл-у идрак йетібан укуш,
Көрүп ол мәқам бұ мәқамдын көчәр.

Хәқиқәтдә Хақны білу білсә сен,
Мухал Хақдын өзгә қолу білсә сен.
Сиуаллаһ сөзіндін көңүл хали қыл,
Нуруллаһ нурындын толу білсә сен.

Үрүң үзрә нурдын бітілміш бітіг,
Оқып ұқса болмас мұны көп тетік,
Йонар му айытғыл бычақ өз-өзін,
Нечә болса езгу біленміш йетіг.

Саңа сендін өзгә мурәбби керек,
Білің өгдүл ермес ˊәқлдін зирәк,
Хәдис, нәсға уйғу қозубан ˊәқил,
Изи хәуфі бірлә сезіп жан йүрәк.

Хәдис, нәс әбәдул-әбәд бақи ол,
Тақы бұ ˊәқил жан тән ислақы ол,
Телімлерге ˊәқил ˊиқал ол білің,
Телім телбе нүң уштмаһ муштақы ол.

Уәли ˊариф уштмаһқа бақмаз өзі,
Өңін сир білә толмақ істер көзі,
Қамуғ хәлқдә йігрекі ˊашиқ ерур,
Қамуғ сөзде йігрек бұ ˊишқның сөзі.

Уәли ˊишқ тілі бір ˊәжәб тіл турур,
Кім өгренсе бұ тіл бұ жанын берур,
Егер болса ˊәшиққа ˊишқ мұқтәда,
Аңар масиуаллаһ қылумаз ғурур.

Сорар хал Изисіңә не хал ˊәжәб,
Қылур болса халәт ічіндә тараб,
Бірі-біргә мәңзәр ағыз тіл тамақ,
Білүр мү ˊәжәм не айытса ˊәрәб.

Сәмаˊ қылса ˊашиқ болуп биқарар,
Рәуа му тейу хәлқ мұны көп сорар,
Егер өлсе нәфс рай һәуадын рәуа,
Йоқ ерсә кім айтур сәмаˊ не йарар.

Бұ нәфс өлсе ішлер сәлахқа келүр,
Мұны хәлқ айытмақ білә не білүр,
Уәли раст бұ йолда йөрүглі тегер,
Тіріглік йеріңе бұ жандын үлүр.

Бұ ˊаләм китаб ол оқұғлы керек,
Ачұқ хат ачып көз бақығлы керек,

Җәмалы җәһанда күн айдын ачұқ,
Уәли өз хижабдын чықығлы керек.

Саңа сенлікің біл хижаб кечгүсүз,
Кетер болса сен мен болур сечгүсүз,
Сәфәр хажәт ермәс сен ок сен хижаб,
Қамуғ мәнзил ушбу уәли көчгүсүз.

Некім істәр ерсәң өзүңдә ерур,
Кечәр болса өздін қамуғдын берур,
өзіндін кечүмәс булумас тіләк,
Бұ әжунны түн-күн кезібән йөрүр.

Сенің мәқсудуң сендін өзгә нең ол,
Ушал мәқсудуңға бұ нистлік мең ол,
Кімүң болса менлік мені болмағай,
Тілек бір уәликин хижаб йүз мың ол.

Нәмаз, рузә маң һәм руку´-у сужуд,
Хузуруң йіпек ағ үйүк тег ужуд,
Ужуд ічрә кіріп бусуп йатмаса,
Асығ қылмас ол біл сужуд бірлә жуд.

Сужуд жуд-у ихсан хәйр бірлә көз,
Керек қомесе өз-өзіні бұ өз,
Беріп қылса миннәт хәбәр берді Хақ,
Ушал хәйрдін йег сіліг көрклү сөз.

## БАБУН ФИ МӘСӘЛИШ-ШӘРИ´ӘТИ УӘТ-ТӘРИҚӘТИ УӘЛ-ХӘҚИҚӘТИ

Шәри´әт тәриқәт хәқиқәт өңін,
Тейу білмегіл ош ешіт сөз өңін,
Хәқиқәт башақ тег тәриқәт олуң,
Шәри´әтні білгіл бұ оқнұң йүңін.

Йүңі йоқ оқ атғыл барур му қані,
Шәри´әт тәриқәт хәқиқәт қані,
Хәқиқәт көңүл тег тәриқәт ´ақил,
Шәри´әт ерур бұ ужуднуң жаны.

Жәмад жансызын ол не ішгә йарар,
Құлақ му ешітір бұ сөз мү көрәр,
Шәри´әт тіл ол біл тәриқәт құлақ,
Хәқиқәт бұ көз тег қані кім сурар.

Шәри´әт біліп қәсд қылып сормақ ол,
Тәриқәт кіріп раст йүрүп бармақ ол,
Хәқиқәт талиб мәтлубынға тегіп,
Аның бірлә мәжлис түзү құрмақ ол.

Шәри´әт Рәсул қаулі тұтғыл йөрі,
Тәриқәт Рәсул фи´лі тұтғыл йөрі,
Хәқиқәт не ол теп егер сорса сен,
Рәсул хали әхуалы тұтғыл йөрі.

## БАБУН ФИ БӘЙАНИЛ-ҚӘЛБИ УӘН-НӘФС

Көңүл нәфс-у рухдын нәтижә ерур,
Ғалиб болса бірі аңар йүз урур,
Білің бұ бәйан Шәйх Шәрәф Хуажәнің,
«Мәбади сулкдә» бітіглік турур.

Тақы көп мәшайих бұ йол сөзлері,
Көңүл нәфс бәйаны айур өзлері,
Көңүл тұт құлақ ач йәқин біл мұны,
Айур некім анлар көрер көзлері.

Көңүл нәфс бәйаны ешіт тіңлегіл,
Бұ еккісі бір нең мұны аңлағыл,
Фәсадны тілесе болур аты нәфс,
Сәлахны тілесе көңүл соңлағыл.

Тақы нәфс нишаны шикайәт қылур,
Зикир қылғу йерде хикайәт қылур,
Құрұғ дә´уә бірлә заһир көркүтүп,
Улашу ғәфләтні ´адәт қылур.

Фәсадны тілемішде әммарә ол,
Нәдамәт кетүрмішдә ләууамә ол,
Һидайәтгә тәуфиқ болур мулһәмә,
Уәли мутмәиннә тәмә´нинә ол.

Инабәт ирадәт үзә хуш сәбат,
Қылып қылса та´әт білің бұ сифат,
Білә болса мәусуф бұ нәфснүң аты,
Болур мутмә´иннә булур ол нәжат.

Мурид йолны мунтег білү йөрісә,
Тегер мәқсудынға бұ нәфс қорыса,
Айытмышда аллаһ хәқиқәт мухиб,
Аңар бағ-у бустан жәһан тарыса.

## БАБУН ФИС-СУЛК

Ешіт, ай бұ йолда қадәм ұрғучы,
Тәсәууф ічіндә құраған құрғучы,
´Әмәл зуһд-у тәқуә уәра´ менде теп,
Осал болма болғұл тұтұш сорғучы.

Уәра´ зуһд-тәқуә бұ есен ерур,
Уәликин сөз иман ічіндә йөрүр,
Иманың әманың бар ерсә бар ол,
Йоқ ерсә йәқиның гуман тег турур.

Керәк әууәл иман мусулман өзүң,
Кезін утру ұрсаң бұ йолға йүзүң,
Йығып болмағу сөздін ушбу тілің,
Тұтұш болсун әстә´фируллаһ сөзүң.

Бұ йаңлығ инабәт ирадәт беріп,
Керәк раст йөрісәң бұ йолға кіріп,
Зикир Хақ тапа біл қулаууз саңа,
Тіріг еркән өлсәң йігіткән қарып.

Йәқин біл хәқиқәт зикир санмақ ол,
´Ибадәт Изимгә тейу банмақ ол,
Әуамир аның әмрі тейу тұтұп,
Нәуахи аның нәһиі теп йанмақ ол.

Мұнұң тег зикир нәфс һәуадын үзәр,
Жәфадын уәфаны сәфаны сүзәр,
Чықарур бұ хатир уисауисләрін,
Сүрәр жумлә ғәфләт көңүлні түзәр.

Бақып өздә сен бұ сифәт болмасаң,
´Әжәб йоқ тақы сен тапып булмасаң,
Инабәтсіз ергә ирадәт йоқ ол,
Ирадәт йоқ ол ´ишқ білә келмесең.

Инабәт ирадәт бұ ´ишқың имам,
Мухиблік нишаны закирлік мудам,
Зикир нуры бірлә мунәууәр болуп,
´арифға қулаууз бұ зикрі тәмам.

Зикир бірлә закир хузурға тегәр,
Хузурнұң нишаны көңүл унс тұтар,
Анын мәхрәмийәт булубан закир,
Зикир хуфйә болур зуһурдын кетәр.

Зикирдін закирға бұ үнс ачлур ол,
Бұ үнсдін тфәккур тапа кечлүр ол,
Тәфәккурдін ачлур бәшарәт көзі,
Көңүл нәфс батилдын анын сәчлур ол.

Бәшарәт көзіндін сечіг сечмәсә,
Һәуа нәфс мураддын түкәл кечмәсә,
Не білгәй бұ йолнуң бәйанын кіші,
Бұ өз барлықындын тәмам көчмәсә.

Сечібәнкечібән көчүбән өзі,
Тұтұшұп көңүлдә мухәббәт көзі,
Бағыр өлдүрүбән мәңіз солдуруп,
Рәуа сөзләсә бұ тәриқәт сөзі.

Уәликин бұ дә´уи қылығлы телім,
Келің айтың емді қаны нетәлім,
Бұ йолда құрұғ дә´уә қылмақ мухал,
Сарып башқа дәстар кезіглі келим.

Қадәм ұрдұң ерсә кіріп раст йөрі,
Батил Хақ сечібән өзіңні қоры,
Мухәббәт мәуәддәт бұ ´ишқ шәуқ шәраб,
Ічіглінің Аллаһ ерур дилбәрі.

Бұ мә´шуқ тапа біл сен оқ көзгүсін,
Хажәт йоқ әжунны телім кезгүсін,
Ачылмақ керәксә саңа бұ бәйан,

Сиуаллаһдын өзүң тәмам үзгүсін.

«Әрәтду эн у´рәф» дәлил уш мұңа,
«Йухиббунәһу» хил´əті худ саңа,
«Йухиббуһум» хитабы ешітгән мухиб,
Қамуғ бид´əлəрдін болур бір йаңа.

Бұ мәнзілдін өңрү йөрүп йетгесін,
Айытмақ хажәт йоқ көрүп бітгәсін,
Ачылғай саңа сен біліп йоқлұқұң,
Бұ барлық йеріндін йырақ кетгәсін.

Йетібән батыбан фәна бәхріңә,
Ачұқ тұтғу елін жәфа зәһріңә,
Бәла қазғу бірлә йелүркән сынар,
Ачылсұн сәзалық теп өз миһріңә.

Бәла қазғу йутғу сәза болғуға,
Телім татғу ачығ мәзә булғуға,
Хали болмаса масиуа зулмәті,
Йарар хаққа қойса қамуғ қолғуны.

Мұнұң тег йөрүглі булур біл уисал,
Улағсыз уланмақ хуруфсуз мәқал,
Бақып анда өзін булумас кіші,
Білумәс кетәр жумлә хисдін мәжал.

Йетәр анда сен мен кетәр қил-у қал,
Бұ әсуат білә сөзләмәк худ мухал,
Хәбиб уммәтінға хәбиблүк рәуа,
Рәуа болса ми´раж рәуа һәм бұ хал.

## БАБУН ФИ ШУКРИЛ-ХӘҚҚИ УӘ ЗИКРИЛ-ӘБРАРИ

Шукур хәмд Уғанға түмән миң һизар,
Қамуғны йаратған Ол оқ Бір-у Бар,
Аның әмрі бірлә фәләк йурулур,
Аның хукмә бірлә қылур йер қәрар.

Йәнә үч йүз он үч бұ мурсәл русул,
Қамуғы Рәсулдін Рәсул ерді кұл,

Қамуғ бір ужудға жәһан жан керәк,
Жәһанға ерур жан чын оқ Хаққа қул.

Ерәнләр ерур біл бұ әжунға жан,
Әжун болмағай ер түкәнсә қачан,
Анық тег ерәнләр ду´әсі ерур,
Әман ічрә ´алим төләк бұ жәһан.

Йөрүглі чын оқ ол ерәнләр йолы,
Біліқ баба ерді хәқиқәт уәли,
Тұтұш хәйр-у ихсан үзә йөрүгән,
Зикир бустанында нийаз булбулы.

Бұ ´аләмға қәл´ә өзі һимməті,
Біліқ барды антег ду´ә дәуләті,
Тәриқәт йолұнда йөрүглі ерән,
Тұтар ерді баба ерән суннәті.

Хәлайықлар ара мәләк тег ужуд,
Ғизасы қийам-у руку´-сужуд,
Ләтафәтға мә´дин кәрәм қаны ол,
Өзі бірлә мәужәд біліқ ерді жуд.

Уилайәт кәрамәт ´ибадәтләрі,
Түмән түрлүг әсрар ишарәтләрі,
Чын оқ қутби ´аләм уәлийул уәра,
Алығлы көқүлләр ирадәтләрі.

Мубарәк нәфәсдін ´ибарәт ачып,
Түмен түрлүг илһам жәуаһир сачып,
Тәриқәт йолында чын оқ мужтәһид,
Өзі ерді сансыз хижаблар кечіп.

Қадәмні хәқиқәт үзә раст тұтұп,
Қамуғ нур-у зулмәт хижабын өтүп,
Өзі ерді шәһд-у шәкәр бергүчі,
Телім түрлүг әлуан зәһирләр йұтұп.

Әжунда өзіқә қаны мәқзәйур,
Бұ кәун хидмәтіні фәләк үзә йор,
Фәләк хидмәт арзу қылур теқі йоқ,
Бұ кәун рухы ризуан үзә наз айур.

Өзі уәсфін айса түмән тіл арар,
Өзі қылмас ерді төшәкдә қәрар,
Бұкүн бұ ´әсрдә айыт бар му һеч,
Бұ түш тә´біріні өзі тег йорар.

Бұ илһами Рәббанидын йорғучы,
Мәләк тег улашу ойағ турғучы,
Шәри´әт тәриқәт хәқиқәт үзә,
Қырып раст хәқиқәт чын оқ барғучы.

Тұтұш түнлә күндүз сәхәрдә нийаз,
Тәмам булбул өтміш тег ок болса йаз,
Тәкәллуф салыбан тәуазу´ білә,
Йөрүглі хәқиқәт айтыбан мәжаз.

Өзін көрсә артып көңүлдә сәфа,
Кетәр ерді кинә фәсад һәм жәфа,
Өзі суннәті көп жәфа қылсалар,
Жәфаға жәзасы тегүрмәк уәфа.

Ата мәдхін айғу йоқ ол бұ тілім,
Өзі көрклү ахлақы сансыз телім,
Қамуғдын қылық йег үчүн хақ ешіт,
Рәсулні өгер тейу хулқын ´әзим.

Қылықларда көрклүг тәуазу´ ерур,
Тәуазу´ білә бәхт сә´адәт йөрүр,
Шәри´әт тәриқәт хәқиқәт йолы,
Тәкәббур тәкәллуф бырақмақ турур.

Біліг білміш үчүн ´алимлар берәр,
Өңінләр жаһил теп тәкәллуф курар,
Біліг бірлә ерсә бұ Муса тег ок,
Жаһил тесә болмас Хизир тегтур ер.

Заһир көз хижабы бұ кіпрүк қапақ,
Батинға хижаб йоқ бұ йетті тәбәқ,
Мудәррис ерур хақ көңүл мәдрәсә,
Кетіп ´әқл-у идрак алурсыз сәбақ.

´Илм ´аләм әчрә біліглі телім,
Тақы дә´уә бірлә кезіглі келим,
´Илмгә келимгә инанмағу ер,

Ер ол келсә Хаққа биқәлбин сәлим.

Сәлим ол көңүл кім жәфа болмаса,
Тақы дунийа ´ишқі аңар толмаса,
Хәқиқәт бұ дунийа мәжазын біліп,
Уғандын Уғандын өңін қолмаса.

Бұ әхлақ-у әф´ал-у ә´мал үзә,
Йөрүр ерді баба малик тег кезе,
Йөрімәк бұ йолда болуп муқтәда,
Сәза ерді баба көңүлләр түзә.

Өзіңә мусәлләм бұ көрклүг сифат,
´Әта болмыш ерді хәқиқәт хәйат,
Білің хужжәтуллаһ шәйхул худа,
Қылығлы чын оқ раст қадәмдә сәбат.

Хәзәрдә сәфәрдә сәхәрдә нийаз,
Мунажәт білә мұң берәр уәқтдә наз,
Изи хәзрәтіндә болуп қурб тәмам,
Айур ерді түн-күн Изи бірлә раз.

Өзіңә бұ тіл бірлә уәсф аймақым,
Ерур биәдәблүк уәли баймақым,
Ата зикрі бірлә химайәт тұтұп,
Қарындашлар ара сөзүм йаймақым.

Бұ қач сөз айытған аты Ислам ол,
Тіләкі ахир уәқт иман Ислам ол,
Атам баба Ислам уәлийул уәра,
Өзі зикрі тілдә түмән әсләм ол.

Һәдайайи ғуфран қәнадили нур,
Иләһи әріғ пак рухыңа тегүр,
Әхәдсін, Самәдсін, Кәримсін Рәхим,
Хәлимсін Рәуфсын әйа Ғәффар Ғәфур.

Түмен түрлү ғуфран-у ризуан бұ дәм,
Тақы Рәхмәтің сансыз әлуан бұ дәм,
Тегүргіл Иләһи әріғ рухыңа,
Қылу бер әріғ рухы шадман бұ дәм.

Бұ әбйатлар аты Му´инул мурид,

Ешіт, біл ´əмəл қыл бұ тəуфиқ мəзид,
Бұ күч йетмішінчə йарағ қылғу жəһд,
Һидаəйат берур ол Хəмидун Мəжид.

Сəуаб түшті ерсə бұ Рабдын ´əта,
Қəлəм қоп түзетгіл бар ерсə хəта,
Йігітлер уйабыз уйалық үчүн,
Керек қылса шəфқəт ұлұғлар ата.

Изи берді тəуфиқ бұ бірқач кəлам,
Оруч айы ічрə бітілді тəмам,
Тəрих йетті йүз он үч ерді йылы,
Сəлəмун ´əлəйкум ´əлəйкум сəлам.

Тəммəт

# АУДАРМА

## БҰЛ КІТАП МУҒИНУЛ-МУРИД
## РАББЫМ, ЖЕҢІЛДІК БЕР, АУЫРЛЫҚ БЕРМЕ

Шүкір, мадақ, Иләһи, шексіз Саған,
Жараттың мүслім, муәххид етіп әман,
Шынайы демеушімсің әрқашан да,
Мұңға батсам көмекті Сенен алам.

Иләһім, сұранамын бер деп медет,
Мұсылман еттің, бергейсің халал қорек.
Мағрифат нұрға толтыр көңілімді,
Тілімді де шынайы еткін демеп.

Сен пәксің, жараттың бар жер мен көкті,
Құдіретіңмен көктем, жаз, күз, қыс кепті.
Баршаны байлыққа да кенелтесің,
Жоқты бар қып, жасайсың бардан жоқты.

Һәмд айтып, шүкір қылып көп мақтады,
Өзіңді адам, періште, жын жақтады.
Мадақ айтпай, Өзіңе шүкір етпес,
Құлдық ұрмас әлемде ел жоқ тағы.

Жүз жиырма төрт мың болды пайғамбарың,
Әнбиелер медет алып жайған бәрін.
Басы – Адам, ал Мұхаммед соңы олардың,
Білмесең дұрыс болар ойланғаның.

Хабар берді өзіңе таза, пәк Кәлам,
Есебі жоқ мадақ пен тәхийәт сәлем.
Расул, әнбиелер рухына
Салауат айт, Құдайым жеткізер әман.

Расул, әнбиелердің ер көсемі,
Мұхаммед расул ғой ол деседі.
Шүкір қылар күні-түн жалбарынып,
Үмметтері соңындағы жоқ есебі.

Өмірге келуіне болған себеп,
Арабтық Хашими деп айтар дерек.
Алайда адамзаттың баршасында
Расулдай құрметті жан жоқ бір ерек.

Айтамыз мадақтарды шексіз Оған,
Тәңірім жіберген сол біл бейкүмән.
Шапағатқа бөлеген расул үшін,
Соңғы сәтте аузыңда болсын иман.

Періште, пері мен адамзат баршасы,
Айтар Оған мадақты һәм қаншасы.
Барлығы құрметі үшін пайғамбардың,
Айтарымыз шынайы сол болсашы.

Төрт сахаба және де ардақталар,
Алладан кешірім мен разылық алар.
Әбу Бәкір, Фарух пен Оспан, Әлі –
Мадақтасақ жанымыз рахат табар.

Отыз үш мың сахаба және ол шын,
Оларға да Алламыз разы болсын.
Алла жалғыз деп келтір иманыңды,
Амалдарың өзіңе қазы болсын.

## ИМАН ТУРАЛЫ БАП

Екі дүниеде егер болғың келсе аман,
Шын көңілмен келтіргін енді иман.
Білгің келсе айтайын иман жайын,
Білгенімше баяндап бәрін тамам.

Иеге илан, періштелердің барына,
Расул, әнбие және де кітаптарына.
Қиямет пенен тағдырға сену иманнан,
Шынайы тілмен илану ықтиярында.

Осылайша мүмін болып шығарсың,
Амалыңмен Тәңірге сен ұнарсың.
Біліп жүргін, мен айтайын тағы да,
Не нәрселер істеу керек бұған шын?

Ең әуелі тазартқайсың тіліңді,
Мадақ, мақтау соң айтылар бұрынғы.
Тазарт тілді «Лә иләһә» деуменен,
«Иллаллаһ» деп Иеңе жай сырыңды.

«Лә иләһә иллаллаһта» көп медет,
Бір Иеден өзге Тәңір жоқ демек.
Қор қылушы, несібе де беруші Ол,
Мұны білу бәрімізге бек керек.

Бақыт, иман нұры шарпыр шынайы,
Хаққа таза иланған жанды ұдайы.
Өтірік, ғайбат жаман болар заһардан,
Аузыңа у салғандайсың пінәйі.

Шын көңілмен жүректе иман бекіткін,
Тіліңмен айт, кетпе бірақ көкіп тым.
Жүрек, тілдің амалдары сай болса,
Сөз айта алар айтшы, қане, жекіп кім.

Тілмен жеткіз, көңілменен илан да,
Амалыңды әдемі қыл қиналма,
Көңіліңе жақын болса кәлима,
Амал, иман толық болар жиғанға.

Осы үшеуі бірігіп болар иман,
Бейнесі сеніміңнің бұлар жиған.
Көңілден кекті шығар, боқтықты тый,
Тазаланып салтанат құрады жан.

Осындай жан арқасында адам өлмес,
Тіріде жан қадірін әркім білмес.
Боқтық, кекпен амалын жасайтындар,
Жанның жайын тірлікте еш түсінбес.

Егерде саф иманды етсе тұрақ,
Дәл мұндай мүміндердің орны жұмақ.
Жолбасшың – иман, амалың – жолдас болса,
Жолың – Ислам, ақиқат жүрмес жылап.

Шариғаттың үкімін қыл шамаң келсе,
Дін Ислам жолында жүр тамам ерше.
Тапсаңыз Исламды ихсан жақтан,
Ол мүмін «Минәл-муттахин» өле-өлгенше.

Мен айтайын «ихсан» не деп сұрасаңыз,
Шын ниетпен құлшылыққа құласаңыз.
Сен Оны көрмесең де, Ол көріп тұр,

Назардан тыс қалдырмас жыласаңыз.

Бірге болсаң осындай сипатпен һәм,
Болар «сахиб-ихсан уә әсли иман»[3],
«Қарибун минәл-мухсинин»[4] дейді Хақты,
Мұндай құлдар мәрхум болар, біл бикүмән[5].

Ей, Ихсанның иесі, біл жамағат,
Қол, құлақ, саған көз бен тіл аманат,
Көңілді қиянаттан таза ұста,
Қияметте жүзің күннен жарық болат.

## ХАҚ МАҒРИФАТЫ ЖӘНЕ МҰХАММЕДТІҢ ЕЛШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАП

Көңілді Хаққа бұрыңдар, сауалым саған,
Бұл Хақты қалай сезіндің, сен айтшы маған?
Сан сауалға ылайық емес Тәңірім,
Сауалсыз-ақ әрдайым иланғын Оған.

Бой көтермейді ұстасыз ғимарат тіптен,
Бір тамшы судан жаратып инабатты еткен.
Ой салып қара өзіңе, ашылар бәлкім,
«Рубубуийәти Зулжәлал» сый болып көктен.

Ұқсасы жоқ, теңдессіз Ол баршадан пәк,
Кеңістік, мекен және де заманнан азат.
Уайымға да берілмес, ой-қиялға да,
Себебі Алла пәк-жомарт, сондай бір ғажап.

Біз көреміз, сөйлейміз, естір құлақ,
Қажет емес бұлар Оған білгін бірақ.
Алайда мен иландым бірлігіне,
Зерденмен сез, қоймағын арзан сұрақ.

Екінші сауалың бұл, Расул Хақтан,
Иландым дейсің қайда дәлел жатқан?
Аңғарсаң дәлеліне сан жетпейді,
Хабарын жіберген-тін бұл Жаратқан.

---

[3] «шынайы иман мен ихсанның иесі»

[4] «Жақсылық жасағандардан да жақын»

[5] күмәнсіз

Зулжалал Расулуллаһқа айтты бәрін,
Хабар берді ол жайында Құран Кәрім.
Отқа піскен қойды да сөйлетпеп пе ед,
Дәлел көп айта берсем одан да әрі.

Қақ бөлінді ишаратпен аспандағы ай,
Тіл бітіп, сөз сөйледі тас та солай.
Тірілген өлген адам құдіретімен,
Естігенде сен мұны жасқанбағай.

Хақ тағала Расулды таңдап алған,
Сол арқылы құлдарға хабар салған.
Мың мұғжиза беріпті Расулға,
Соның бірі дәл осы Құран болған.

Білгің келсе егерде бұдан да артық,
Жетем десең мақсатқа шыдамды артып.
Иеңе зікір айтқын, ашылады,
Көзіңнен жас тыйылмас сыр аңғартып.

Күлуің мүмкін емес мұндай шақта,
Күлсең де көрінбес тіс жақын, жатқа.
Сүннетін білмесең сен пайғамбардың,
Қалайша бөленбексің рахат, баққа.

Білмеген бауырларың болар кәуап,
Желігіп, жинамасаң ертең сауап.
Жігіттіктің желігі жарға жығар,
Беріпті «жындылық» деп Расул жауап.

Қартайғанда сақал мен шаш ағарып,
«Не істеймін» деп текке сен болма ғаріп.
Шын көңілмен құлдық ұрып тәубаңа кел,
Қаласың шаш алғандай бір тазарып.

## УАҒЫЗ НАСИХАТ ТУРАЛЫ БАП

Өмір – теңіз, жолаушымыз бәріміз де,
Сан сынақтар артылған әлі бізге.
Аман қалғың келсе егер Нух нәбидей,
Алланың зікірін сал тіліңізге.

Зікірмен итті аңға болсаң салар,
Тісі оның пышақтайын өткір болар.
Тыйылсаң тыйым салған амалдардан,
Құлшылық еткеннен де артық солар.

Бұлжытпай орындағын Хақ әмірін,
Ессіз тозақ болса егер нақ өмірің,
Күнә жасап қысылмай жүрер болсаң,
Шынайы Тәңіріңді таппағаның.

Тәуекел, қиямет пен өлімге илан,
Жол тапсаң кем қалдырмас Тәңір сыйдан.
Хақиқатта Хаққа сен сенім артсаң,
Жеңілдетер жолыңды тегі иман.

Шынайы тәуекелді білгің келсе,
Ғибадатты жан-тәнмен қыл ендеше.
Өзгенің барлығын да естен шығар,
Иеңе бүтін жүзді бұр ендеше.

Аз күліп, мына өмірде көп жылаған,
Шынайы мұсылман ғой ол бір адам.
Сауық-сайран мұншалық неге крек,
Бола алмасаң егерде тамұқта аман.

Кел дағы жөн болады ойланғаның,
Дұрыс па өткінші іске иланғаның?
Алғы күн амалыңа байланысты,
Көмек бермес дүние, жиғандарың.

Есер желдей бұл өмір бір күн өтер,
Тіршілік шырағы да сөнер бекер.
Болмысың – ағаш секілді, жан – жапырақ,
Дауыл соқса ол дағы ұшып кетер.

Мастансаң дүниеге, нәпсі қамар,
Тәубе қыл, шырағданың алдан жанар.
Азғындардың орыны тамұқ дәйім,
Имандылар жұмақтан орын алар.

Шариғат – жол, тариқат – ол бір азық,
Хақиқат – су, білгейсің Раб Разиқ.
Нәпсіні «мінер көлік» депті Расул,

Нәпсіден түсе алмай жүр небір пасық.

Өзіңе қарағайсың сын көзбенен,
Айырар Хақтан нәпсі өзгермеген.

Құлшылық қылғанымен адам, пері,
Хаққа қалай бармақшы жан «мен» деген.

Менмендікпен жанбайды сынық бағың,
Қияметте тірілерсің, ұмытпағын.
Мейірімді деп болма бейғам Қаһһар Ие,
Жауап берер кез келер қылықтарың.

Ібіліс көкте болды кәпір алғаш,
Ал жерде Қабыл болды күнәһар жас.
Сормаңдай болды екеуі іштарлықтан,
Санаң болса сен мұндай істерден қаш.

Лағнет болды лайық Ібіліске,
Тәкәппарлық жеткізді мұндай іске.
Менмендік құлшылықты өшіреді,
Салам деп әуре болма оны күшке.

Ашкөздік қасірет ол наласы көп,
Ашкөздік – жазылмас дерт дауасы жоқ.
Қанағат қылған жандар құрметтелер,
Есте ұстап сөзімменен санасып өт.

Қанағатпен Мұса Аллаға жақындады,
Турда Иемен сөйлесіп, ақыл алды.
Расулдың сүннеті бұл пәк қанағат,
Иеден тілеген соң мақұлданды.

Қанағат – таусылмайтын ерге байлық,
Ашкөздер алдарқатар көңлін жай ғып.
Жинаған дүние-малдан пайда бар ма,
Өлгенде өзгелерге қалар шайлық.

Қанағат жеткізеді сағадатқа,
Сағадаттың асылы қанағатта,
Ашкөздікпен Қарун да болды опат,
Қалдырады ашкөздік жаман атқа.

Тәкәппар, іштар және сараң жандар,
Мағынасын барша әһлі айтқан аңғар.
Жоқ едік, жаратты Алла һәм жоқ қылар,
Тәкәппарлы шынайы жол болмас мұңдар.

Тәкәппар жан қашады Ие әмірінен,
Белгісі – күнә жасап тағы жүрген.
Тыйым салған істерден тыйылмайды,
Өмірде жөн деп білер ойнап-күлген.

Нәпсінің бос қалуы өнер емес,
Ұнамас істер істеу керек емес.
Қиындық, пейнет, ащы өмірменен,
Һидаят құсы келер деп берер кеңес.

Таупиғыңмен құрметке бөленесің,
Опалы бала алсаң егерде шын.
Іштарлық, кек көңілді өлдіреді,
Сырт көздер бақытты деп біле берсін.

Көңілдің суреті – ақыл, жаны – иман,
Шынайы жан тыныштық тура жолдан.
Қызғаншақтық сақталса үш күн бойда,
Жойылар бойындағы осы жиған.

Іштарлық, тәкәппарлық, рия, кек,
Мұсылман боп жүргенмен сен қанша бек.
Тірлікте мүслім болып көрінгенмен,
Өлгеніңде бар сырың ашылар тек.

Мұнапықтың белгісі – кек, іштарлық,
Тазалыққа көңілді жүр құштар қып.
Тазалықтың нышаны шәһәдатпен,
Зікір айтып Аллаға нұр ұсталық.

Ондай жанның мазары болар бақша,
Хош иіс танауыңды жарар жатса.
Сыраттың көпірі де, есеп те жоқ,
Сыйланып, құрметтелер ол бір патша.

## МӘСӘЛӘЛЕР ТУРАЛЫ БАП

Бұл сабақтан он екі парызды біл,
Керегіңді ұғып ап сақтанып жүр.
Намаздың сыртында алтау, ішінде алтау,
Қаза қылмай бәрін де орында кіл.

Әурет жабу, екіншісі ол – жуынбақ,
Тәніңдей киімдерің таза болмақ.
Қыбылаға бет бұру, уақыт сақтамақ,
Ықыласпен ниет етіп намаз қылмақ.

Намазда айтқын тәкпір, қиям – сосын,
Қырағат, рүкүғ қыл болмас тосын.
Сужуд һәм тәшәһһудпен алтау болды,
Бұл парыздар кіргізер көңіл хошын.

### БӨЛІМ

Кіндік пен тізе арасы әурет болар,
Шариғатта тізені толық жабар.
Жуынудың ішінде төрт парыз бар,
Кәләмулла ішінде Хақтан хабар.

Әуелі бетті, сосын жу қолыңды,
Толықтай шынтағыңды жу қонымды.
Содан кейін басыңа мәсі тартқын,
Аяқты тобықпенен жу толымды.

### БӨЛІМ

Әйелдің аяқ, бетінен басқа денесі,
Әуретті жерлер, мұны жалған демеші.
Көрсетпесін өзге әйел, қызға да,
Еркектердей әуретті жердің егесі.

Тізеге дейін һәм білекті түріну,
Күң әйелге болмас айып, бүліну.

Азат әйел жасырсын бар әуретін,
Көрсетпесін құлға дағы сәулетін.

Тәнде әурет қанша болса ашылған,
Парыз болар өзгелерден жасырған.
Әуретті ашпа, өзгеге де қарама,
Күпірлікке бастар жанды тасынған.

## БӨЛІМ

Ұғып алғын, дәреттің он сүннеті,
Ниет ету, «Бисмилләні» айту бұл екі.
Қолыңды жу, тісті және тазала,
Тамақ шаю әр мүміннің міндеті.

Мұрынға су ал, құлаққа тартқын мәсіні,
Сақал, саусақты аралатып жуу тәсілі.
Үш рет жуғын жуылар жердің барлығын,
Қап қойса бірі дәретті бұзбас әсілі.

## БӨЛІМ

Дәретті он бес нәрсе бұзар әки,
Су таусылу, жел шығару, мәни, уәди.
Мәзи және қан, ірің, сары су ағу,
Арақ ішіп мас болу, естен тану.

Сүйеніп жатып егерде кетсең ұйықтап,
Дәрет бұзар таяқ тайып кетсең құлап.
Тік отырып, сәждеде жатып ұйықтау,
Дәретке кесір тигізбес, білгін шырақ.

Ауызыңды толтыра құссаң егер,
Дәретіңді бұзылды деп біле бер.
Қатты күлу бұзады намазыңды,
Жымиғаның намазды бұзбас бекер.

Көрінгенмен таңып алған дәкеден қан,
Сары су, ірің ақпаса болмас зиян.
Неше мәрте дәрет алып жуынған соң,
Намазың бұзылмайды бола соған.

Тыйылмаса қан, ірің не сары су,
Дәрет алып тәніңді бес уақыт жу.
Дәретің сол уақытқа қана жарар,
Имамдыққа шықпайсың уақытта бұл.

Бастағы жарадан қан, ірің ағып,
Тәніңнің оң жағына тисе барып,
Дәретіңді бұзылды деп білгейсің,
Тазалан, жүрмегейсің жалқауланып.

Дәретті бұзар тағы шауһат – мәни,
Соңынан келетұғын су да уәди.
Дәретті сындарғанмен тең болады,
Құштарлыққа берілгенде келер мәзи.

Өтеймін десең толық дәрет ақын,
Тұрған соң отыз қадамға жүргін жақын.
Дауыс шығар қақырынып, сілкініп ал,
Нәжістен тазаланып жүргін пақыр.

Ысқылансын бірнеше рет қол мен жүзі,
Сыртынан көрінбесін нәжіс ізі.
Екі дүние бақытын татам десең,
Тазалыққа назар салсын бар жұмысы.

Бұзылса дәретіңді қайта алғын,
Тазалық кепілі ол барша жанның.
Дәретсіз уақытын өткізген жан,
Біле ме Алла айбын арқаларын.

Дәреттен соң екі ракағат оқы намаз,
Қол жайып дұға жаса соңынан аз.
Қабылданар дұғаларың еш шүбәсіз,
Тәңірім мейірімді Ол бір сабаз.

## БӨЛІМ

Ғұсыл деген жуу болар барша тәнді,
Ауыз бен мұрын шаю бар ғой тағы.
Дәретте осы екеуін сүннет дейді,
Денеңнің бәрін жуу парыз мәңгі

Алдымен жуып алғын қолыңызды,
Жақсылап жу шолып оң-солыңызды.
Қалмасын ешбір нәжіс, ықтият бол,
Орында әдеттей сен оныңызды.

Ер адамға үш жағдайда ғұсыл парыз,
Іш киімде болса егер мәниден із.
Шауһатың атқыласа жатқан шақта,
Жыныстық қатынасты жасасаңыз.

Әйелдерге қосылар нифас, хайыз,
Бес жағдайда оларға ғұсыл парыз.
Жұма, ихрам тағы да екі айт күні,
Ғұсылдану сүннет болар ойласаңыз.

Мұрын мен аузыңыздан бастағайсыз,
Тамақты сосын шайып тастағайсыз.
Оң иық, содан кейін сол иықтан,
Тазалап бар денеңді ұстағайсыз.

Арқаңды, көкіректі, бас, қолыңды,
Үш реттен жуып алған бек орынды.
Аяғыңды ол жерден кеткен соң жу,
Мүмін болдың сол кезде сен толымды.

## БӨЛІМ

Дәретте ниет қылу ол – мүстәхәб,
Бұлжытпа Хақ әмірін тек ұстап ап.
Оң жақтан баста бәрін, өзге істі
Кіргізбе тұрса дағы бек қыстап-ақ.

Түгел жуғын, тап-таза болсын бәрі,
Басыңның сыртына тарт мәсі тағы.
Мустәхәб – әскер, әдеп болар мойынсұну,
Сүннет – уәзір, дәреттің парыз – шаһы.

Муәхид қалар болсын ғибадатты,
Сол шақта көрінесің инабатты.
Ей, діндар, нәпсіңіздің басын кескін,
Ашу – дұшпан, баспасын мұң қабақты.

Нәпсі, тілді тыйғаның тәнге дәру,
Бой алдырсаң жазылмас ол бір ауру.
Нәпсімен күресіңді сен тоқтатпа,
Ғибадат пен дәретің болар қару.

## БӨЛІМ

Истинжәден кейін сен жуғын қолды,
Немесе таза жерге сүрткен оңды.
Қажетті жерлеріңді сумен жуғын,
Дұға жасап жүрекпен тұрсаң болды.

Мәсі тарту мойынсұну мойныңызға,
Жауыздық қалмастай ет қойныңызда.
Әдеп пен сүннетті осы тәркі етсең,
Мақамға жете алмас қолың қысқа.

## БӨЛІМ

Дәрет алып жатқанда күн мен айға,
Қарамағын ажамға һәм құбылаға.
Дәретте сөз сөйлеме беталбаты,
Сүйенбе және дағы жүзді бұрма.

Дәретте әурет жерді тазалап жу,
Содан соң оң қолыңмен алғайсың су.
Дәреттің сақтағайсың бар әдебін,
Ауыз бен мұрынға ал сол қолмен су.

## ТАЯММУМ ТУРАЛЫ БАП

Бір йағыш он екі мың болар аршын,
Үштен бірі белгілі мұның бар шын.
Төрт мың аршын біреуі есептесең,
Ойланғайсың, ашылып көңіл қалсын.

Таямум ал, егер су табылмаса,
Йағыш үште бірден жанында аса.
Таямумның жағдайын мен айтайын,
Сен де айта жүр өзге бір жан сұраса.

Ниет қылып жерге ұр екі қолды,
Алақанмен жүзді сүрт, болар оңды.
Екінші рет жерге соқ қолдарыңды,
Сол қолыңмен оң қолды сүртсең болды.

Оң қолмен ысқылағын сол қолыңды,
Әдепкіде сүрткендей оң қолыңды.
Жүніптіктен таза боп саналасың,
Шынайы дұрыс жаса, сол қонымды.

Таямум керек болар өлікке де,
Үш рет ұрған дұрыс қолды жерге.
Бір ұрып жүзін сипа, екінші оң қол,
Үшінші ұрып сол қолды келтір жөнге.

Алланың Кәламынан келді хабар,
«Таямум ал, құлдарым, депті тазар».
Кез келген таза жерде амал ету,
Ханифа мәзһабында дұрыс болар.

Табылмаса іздеген су қанша уақыт,
Таямум ал жүргенше босқа жатып.
Имам Шафиғи тек таза топырақ дер,
Құммен де алған дұрыс дейді Жақып.

## БӨЛІМ

Білгің келсе уәжіп намаз ішіндегі,
Дұрыс болар тыңдап ап түсінгенің.
Екі рәкәғат ішінде «Фатиханы»
Әуелі оқысын бұл кісің деді.

Орта отырыста оқылар Құныт тағы,
Үтірде уәжіп болар ұмытпағын.
Рүкіндердің бәрін де орындап ал,
Құлшылықта болсын тек құлықтарың.

Тәшәһһуд оқылады соңғы сәтте,
Уәжіпті орындау қуат дәтке.
Тағы да тәкбирәт айт намазыңда,
Уәжіп деп айтылар бұл да гәпте.

Құпия, жария ғып оқыр имам,
Уәжіп бұл бұйырған бізге сыйдан.
Егерде қалып кетсе мұның бірі,
Намазыңның сауабы кемір құйған.

Уәжіптердің ұмытып кетсең бірін,
Сәһу сәжде соңынан өтеп жүргін.
Қадра тәшәһһудтан соң отырыста,
Екі сәжде орындау жолы мұның.

Уәжіптің қалса бірі намазыңда,
Кешіксе парыз, уәжіп амалыңда,
Үшеуінің біреуін бұзсаң егер,
Сәһу сәжде уәжіп саған онда.

Тіләуат сәжде кездессе қорынбағын,
Уәжіп ол бұлжытпай орындағын.
Шынайы ниетіңмен жасар болсаң,
Сауабы екі сәжде оның дағы.

Парыз қалса намазың бұзылады,
Сәһу сәжде өтей алмас мұны дағы.
Уәжіпті ұмытсаң сәһу жаса,
Тәркі етсең, сауабы сызылады.

Сүннет қалса намазың бұзылмас бұл,
Ешнәрсе де уәжіп қылынбас біл.
Бұл амалың намазды бұзбағанмен,
Әдебіңе келтірер бір нұқсан дүр.

Ажарланар бұл сүннет әдеппенен,
Уәжіп толық болар сүннетпенен.
Парыз толық болмайды уәжіпсіз,
Нұқсан келер иманыңа міндеттеген.

Намазда уәжіптен бұрын парыз дәйім,
Біліңдер «фил-қаулин» бұл сүннет жайын.
Парызыңды қалдырма, уәжіпті сақта,
Сүннетті өте, оңыңнан туар айың.

Намазда қақырынып, жөтелмегін,
Үзірсіз бұзылады өтелмегің.

Жыласаң қорқып Алла қаһарынан,
Бұдан намаз бұзылмас, өтей бергін.

Рүкін ішінде сен екі реттен асып,
Намазыңды бұзбағын тәнді қасып.
Надандықтың зияны мол қашан да,
Ғибадатта жүрмегін әдетке басып.

## БӨЛІМ

Намазда бірер күдік ұяласа,
Бұз дағы намазыңды қайта жаса.
Бірнеше күдіктің бар шариғаты,
Намазың бұзылмайды одан аса.

Бірнеше күдік келсе көңілге біл,
Намазды үзбей амалды үстінде қыл.
Күдіксіз болсаң анық тартынбағын,
Ғибадатта осалдыққа жол бермей жүр.

Екі рәкағатта болса күмән біреу деп біл,
Үшеу де – екеу, төртеуде – үшеу деп жүр.
Күмәннің шешімдері осылайша,
Шариғатты өзіңе тіреу деп біл.

Бұл күдік таң намазда болса ерек,
Әр рәкағатта тәшәһһуд оқу керек.
Ақшамда күдік кірсе көңіліңе,
Тәшәһһудке отырып, тұру жетед.

Сәлем беріп болған соң күдік манағы,
Көңілге келсе қанша болмақ оның санағы?
Бесін, құптан, екінті намазында
Рәкағаттар оқылмақ қалай жаңағы?

Біреу деп білсең күдікті екіншісін толтыр,
Содан кейін тағы да тәшәһһуд оқыр.
Екеу десең, оның да шарты сондай,
Содан кейін намазды толық бітір.

Үшеу десең, оны да орындағын,
Тағы отырып төртеуге толтыр санын.

Төртеу десең отырып және тағы,
Рәкағаттың толтырған бар нұқсанын.

Қаншама рәкағаттан жаңылассаң,
Осылайша толтырғын бәрін нұқсан.
Күдіктенсең басынан соңына дейін,
Сәһу сәжде жөн болар оқып шықсаң.

## БӨЛІМ

Қиямда тұрып тәкбірді тек алыңдар,
Рукуғта тәкпір айтпас, наныңдар.
Ауру әлде қарт болсаңыз еңкейген,
Жеңілдіктер онда жанға бар мұндар.

Тәкбір айтып ұйиды жалғыз кісі,
Ұйығанның дұрыс болар намаз ісі.
Ұйығанын намазға білдірген соң,
Осыменен бітеді бұл ниет ісі.

Егерде кешігіп келген жамағатқа,
Намаз бұзар жылжып орын берген сапта.
Ал намаз басталмастан бұрын келсе,
Бұзбас намаз кеңітіп сапты жатса.

Имамға ұюшы егерде ере алмаса,
Рәкағатын бірінші түзу тере алмаса,
Екі жаққа имам сәлем берместен бұрын,
Соңғы отырыста қайта тұрып жөн жалғаса.

Толықтырар тұрып намаз сәлем берсе,
Кешіккені көп әлде аз мейлі ендеше.
Қаншама рәкағаты біткеннен соң,
Қырағат парыз болар жөнге келсе.

Сәлемнен бұрын тұрса кешіккен адам,
Имамға парыз, уәжіп болмас одан.
Сәһу сәжде жасаса егер имам,
Орындауы шарт болар және де оған.

Қиям, қырағат, рукуғқа үлгерген жандар,
Имаммен бірге оқыған намазы дұрысталар.

Сәжде сәһу бітіп қойса жөн болмайды,
Бітірмей үлгерсе намаз дұрыс болар.

Сәжде сәһуде болса имам сәлем етер,
Мәсбуқ жан онда сәлем бермес бекер.
Сәлем берсе намазы бұзылады,
Ұмытса айыбы жоқ, кемшілігін өтер.

Тіләуат сәждесінде имамға тағы,
Орындалмай жатса да кемшін бәрі.
Орындаса егер сәжде мәсбуқ қойып,
Ей, діндар, ол намазы бұзылады.

Үшінші рәкағатқа үлгермеген жан,
Төртінші рәкағатты бітірсе имам.
Ортаңғы және соңғы отырыста
Екі сүре оқуы қажет бұл Құраннан.

Тек соңғы отырысқа үлгерген жан,
Жалғыз өзі оқыған жандай әман,
Қиям мен қырағат, рукуғ, сужуд, қағда,
Сәлем берер бітірген соң бәрін тамам.

Екі рәкәғат намаздың бірінде тамам,
Қырағатты ұмытса болар қиям.
Намазы бұзылды дер «Бәхрул-мухит»,
Жеткізіп риуаятпен бізге аян.

## БӨЛІМ

Имамға ұйып тұрып ұйықтаса адам,
Қалай болмақ намазы оның тамам?
Оянғанда не істеп, не қояды,
Бар ма екен оның да жазасы әман.

Қиям, сужуд, рукуғ, қуғуд жасап бастан,
Орындайды еш сүре оқымастан.
Қиямда қырағат уақытындай тұрып барып,
Рукуғ, сәжде орындар бас алмастан.

Ханифа бір аятты оқы дейді,
Бір ұзын не үш қысқа дейді кейі.

Қаулыға дау туғызу дұрыс болмас,
Осы өлшем қырағат пен қиям шегі.

Ниет қылып, ұйыған соң ұйықтаған жан,
Кетсе оянып бергенде сәлем имам.
«Ләхақ» дейді, еш нәрсе оқымастан,
Қайтадан барлығын жөн орындаған.

## БӨЛІМ

Имамға рукуғта егер ере алмасаң,
Имаммен бірге белді бүге алмасаң,
Кешіксең намазына жамағаттың,
Рәкәғаттарды орындар түгел қашан?

Мейлі сен имамға ұйы, болғын жалғыз,
Қалса рукуғ, рәкәғат қайта орындармыз.
Рәкағаттағы рукуғтың үкіміндей,
Қиямды намазда егер ұмытсаңыз.

Екі сужуд рәкағатта қойса қалып,
Сужудты орындағын қайта барып.
Алғашқы рәкағатта қалып қойса,
Жасау керек және оны қайтадан ұқ.

Бір сәжде қалса ол да орындалар,
Сонымен рәкағатың толық болар.
Әр рәкағатта аз болса бір сәжделен,
Шынайы ниетпенен дұрысталар.

«Бірінші, екінші һәм үшінші» деп,
Бір-бірлеп бұл сәждені қылу керек.
Егерде нақты білсең рәкағатын,
Сәһу сәжде жасаған дұрыс дер ек.

Рәкағатты санап шығу қажет емес,
Дұрыс болса намазың күмән кірмес.
Іліммен бірге болса амал көркі,
Жолыңнан адасуға мүмкін бермес.

Құнт қалғанын рукуғта білсе кісі,
Сәждеге басты қою болар ісі.

Рукуғ – парыз, құнт – уәжіп делінеді,
Уәжіптен артық болар парыз күші.

Рукуғта ұмытсаң құнт дұғасын,
Сол бір шақта сәждеге бас ұрасың.
Рукуғ жасау бұзбайды намазыңды,
Сәждемен сәһу соңын толтырасың.

## БӨЛІМ

Намазға кірiскенде жалғыз өзің,
Жамағаттың келгенін көрсе көзің,
Сужудті орындамай намазды бұз,
Ғибадатты жамағатпен бірге сезін.

Болса дағы сәждеге барып қойған,
Мүсәпір намаз бұзар арып ойдан.
Таң, құптаннан өзгесін бұзбас муқим,
Өзіндік пайдасы бар салып қойған.

Екі рәкағат намазда сал бір сәлем,
Сәжде, қырағат, қиям қалдарма әман.
Бұл екеуі нәпіл боп саналады,
Амалыңды жасағын сен біліммен.

Ілімсіз амал тек қана болар залал,
Амалсыз ілімге де және обал.
Білім Хақтың әмірін жеткізеді,
Тыйғаннан тыйыл, иманың содан толар.

## БӨЛІМ

Күн шығарда лайық болмас намаз,
Тұрса жайма қақ төбеде сен жайнамаз.
Күн батардың алдында екінті оқы,
Дұрыс жолды ұстанар сол бір сабаз.

Таң атқаннан кейінгі нәпіл намаз,
Шариғатта мәкрух, ей, сахиб нияз.
Екінті намазынан кейін болмас,
Оқуға нәпілдерді болса да аз.

Соңынан оқылатын әрбір намаз,
Оқу керек парыз қаза болса да аз.
Қаза көп, уақыт тар, ұмыт қылу –
Намаз оқу тәртібін бұзады бәз.

Ұмытсаң қанша екенін қаза намаз,
Сол уақыттың намазында өте сабаз.
Намазда түссе есіңе бұзылады,
Біткен шақта оқыған қабыл намаз.

Намазыңды қаншама қаза қылсаң,
Тамұқта өртенерсің сен де мың сан.
Тамұқта бір намаз тең сексен жылға,
Жаныңның қиналмағын ойлап тұрсаң.

Себепсіз бір намазды қаза қылған,
Қандай ғана бұйырар жаза бұған?
Анаңмен Бәйтул-хәрам ішінде сен,
Жандайсың жетпіс рет зина қылған.

## БӨЛІМ

Ұстайтын кісілерде болса жігер,
Күнінде оразаға ниет етер.
Нәпіл деп жасағайсың ниетіңді,
Ораза хас сүннеті білсең егер.

Отызыншы түн келіп жетсе қырдан,
Сыртқа шықсын барша жұрт ниет қылған.
Ораза айын күту сүннет болар,
Расул сүннетіне жаның құрбан.

Таң ағарса, ораза уақыты ол,
Жеп-ішу, тыйғандардан тыйылу жол.
Күн батқанша осылай жалғасады,
Алланың халалына лайық бол.

Ниетсіз оразаңыз дұрыс болмас,
Ниетті білдірген жөн қалай алғаш?
«Ниет еттім тұтпаққа ораза» де,
Шынайы шықсын және оның жалғас.

Қаза, шексіз нәзір, зихар оразасы,
Не кәффәрат, кім тұтар, біл ағасы.
Таң атпастан оянып ниет қылу –
Бір күнге жарайтұғын дәлел осы.

Парыз уақытын не нәпіл ниетін біл,
Шексіз нәзір – оразаңа болар кепіл.
Дұрысы күн шықпастан бұрын түнде,
Тұтуға оразаны ниетті қыл.

Оразаны бұзады жемек, ішпек,
Жақындыққа әйелмен тағы түспек.
Әдейі істесеңіз ол куәффәрат,
Ұмыту оразаны бұзбас күштеп.

Егер қызды оразада құшса жігіт,
Ораза бұзылар шауһаты кетсе шығып.
Қарт кісі өпсе одан еш зиян болмас,
Үзірмен карар, шариғатты жүрмес бұзып.

Шығып кетсе шауһатың қарағанда,
Ораза бұзылмайды одан сонда.
Әдейілеп ішіп-жеп, жанар сату,
Дұрыс әдеп саналмас бұл да жанға.

Таң атқанда сәресі ішсең сен біл,
Ұстағайсың қазасын күніне күн.
Күн батты деп жеп қойсаң батпас бұрын,
Кәффәрат боп табылмас шынында бұл.

Пітірге екі батпан бергін бидай,
Өзіне, құлдарына адамдар бай.
Тағы да ұл-қыздары қоса есеп,
Біткенде дәл осынау ораза ай.

Оразаның ішінде берсе дұрыс,
Шарасыз, пақырларға болсын жұғыс.
Салбырап тұрады екен бермеген жан,
Көк пен жер арасында жолы бұрыс.

## БӨЛІМ

Сапардың уақыты – үш күн, үш түн,
Жаяу не түйеменен жүрер міскін.
Төрт рәкағат екеуге түсірілген,
Ей, мүсәпір, жолда сен же де ішкін.

Сапарда жөн болады ішіп-жеген,
Жеңілдеткен екі рәкағат намазбенен.
Бұл Алла қинамайды сүйген құлын,
Шынайы сұрағаның қабыл деген.

Ойлағаннан қысқа болсын сапарың бұл,
Ұзақ болсын, жолаушысың мұны да біл.
Діттеген жерге жетпей қайтса дағы,
Расында жолға шыққан мүсәпір ол.

Жолда жүріп бір жерге тұрақтаса,
Ол уақыт он бес күннен болса аса,
Денсаулығы көтерсе бар шараны,
Жолаушы емес, ғибадатты толық жаса.

Ұзақ уақыт тұрып қалса жолда аса,
Жүрер кезі дәл белгілі болмаса,
Ол мұқимның санатына кірмейді,
Жолаушысың, мейлі онда бол қанша.

Қаза болса намаз мұқим кезінде,
Сапарда өте дәл мұқимдай өзің де.
Қаза намаз жолаушылық уақытта,
Өтегейсің мүсәпірдей сезін де.

Мұқимға ұйып оқыса намаз жолаушы,
Төрт рәкағат парыз болар ол даусыз.
Мұқимға ұйып оқымас қаза намазды,
Бұл амалды болма сен де қолдаушы.

Мұқим егер ұйыса жолаушы соңынан,
Жалғыз оқып толтырар намаз молынан.
Намаздағы отырыста алғашқы
Отырып оқу жолаушыға келер оңынан.

Жолаушыға отырыссыз алғашқы,
Жалғыз намаз оқу дұрыс болмас-ты.
Тәшәһһуд деп есептелген отырыс
Мүсәпірге – соңғы, мұқимға – алғашқы.

Кебіс мәсі мұқимға бір тәулік,
Мүсәпірге лайық деген үш тәулік.
Қандай шақта бұзарынан дәреттің
Хабар келген бәрімізге лайық.

Саусақ ұшы тесік болса кебіс басында,
Мәсі тарту дұрыс болмас расында.
Болса егерде ондай тесік қонышта,
Зияны жоқ, тарта бергін тосылма.

## БӨЛІМ

Намаз бен оразадай зекет – парыз,
Көп берсе, болып қалмас ешкім қарыз.
Қырықтың бірін егер берер болсаң,
Бақытқа екі дүниеде жолығарсыз.

Жүз алтыннан бергейсің екі жарым,
Жиырма бес алтынды бер мыңы барың.
Сараңдық пен ашкөздік аздырады,
Өмір қысқа, білесің мұны бәрің.

Бермесең жылға толған малға зекет,
Амалыңды бір Алла харам етед.
Жеп-ішу, өзге құрал-саймандардан,
Жиырма алтынды бұл қылар зекет.

Екі жүз дирһәмнан бесеуін бер,
Бере білсең, берекетпен өмір гүлдер.
Дүние, мал мен мүлік бәрі өткінші,
Тасыған Харун да жоқ, қалды кімдер?

Алтын, күміс өмірдегі қолдың кірі,
Бейшараны бай, патша, етер ірі.
Зекетіңді бермесең сараңдықпен,
Шарасыз боп қаларсың сен бір күні.

Алтын, күміс, бар болса егер пұлы,
Берсе зекет көңілдің артар нұры.
Берілмесе зекетің харам болып,
Тосар алдан тамұқтың құр шұңқыры.

Алқа, сырға, білезік, тағыншақтар,
Берсе егер зекетің жанын сақтар.
Егерде бұдан зекет бермесеңіз,
Зияны жоқ, күтпейді сан азаптар.

Астық, тауар, сиыр, құл, өзге заттар,
Қашыр, есек, бәрін де болсаң сақтар.
Оларды сатпақ үшін ұстасаңыз,
Білгейсің, берілетін бір зекет бар.

Нысап болса уәжіп құрбан шалмақ,
Ораза, намаздай ол салар салмақ.
Бұлардың барлығын да өтеген жан,
Тамұқтың мұратынан азат болмақ.

Құрбан қылса болады қой, ешкіні,
Болмасын аяқ, құлақ, кем кескіні.
Көзі соқыр, ақсақ, шұнақ болса егер,
Құрбандыққа жарамас бұл ешбірі.

Малдан бөліп зекетті бермегенің,
Құлшылықты тәркі етіп көнбегенің.
Ешқашан Исламда пайда бермес,
Зекеттің құдіретіне сенбегенің.

Етпетіңнен жатқызып отты жағар,
Шыжғырылар бетің мен қабырғалар.
Басыңды отқа қаратып тұқыртады,
Жер таппассың тамұқтан жаның қалар.

## БӨЛІМ

Өзіңде жеке жерің болса егер,
Онда сен жерің үшін ғұшырды бер.
Ажамдық жұртқа ғұшыр міндетті емес,
Болса он батпан жарымы салықты жер.

Өзен не жаңбыр сумен шықса егін,
Беруге тиістісің ғұшыр жүгін.
Арық қазып суарған егін – шығын,
Көп болса да ғұшыры болмас мұның.

Егіннің өнімінен бергін зекет,
Ханифа айтқан көкөніске болмайды деп.
Егінге берілетін зекет жайын
Әбу Жүсіп айтыпты бес «аусақ» деп.

Бір аусақ екі жүз қырық батпан,
Жартысы жүз жырма бөліп жатқан.
Алайда Әбу Жүсіп шафран үшін
Бесте бірлік бір басқа деп айтқан.

Бұл бес мысал расында бес жүк болыр,
Әр жүгі екі жұзге жетіп толар.
Шафраннан бес батпан ғұшыр берсең,
Жүз мың табыс өзіңе мол оралар.

Дүние аман пақырдың арқасында,
Несібесі байлардың дәл қасында.
Кедейлерге бергені үшін бай адамдар,
Қалмас болар азаптың қалқасында.

## БӨЛІМ

Түйелерің болса егер жайлаудағы,
Мінбейтінің беске толса айдаудағы,
Оларға зекет беру тиесілі,
Болашаққа амал қыл ойлан дағы.

Бес түйенің зекеті бір қой болар,
Он түйеге екі қой берсең жарар.
Отызға үш, жиырмаға төрт қойды бер,
Берген қолға қашанда сауап толар.

Толса егер түйеңіз жиырма беске,
Жасқа толған бота беру болсын есте.
Отыз алты болғанда екі жасар
Тайлақ беру еш артық болмас әсте.

Қырық алты түйеңіздің болса саны,
Төрт жасар түйе зекет білгін тағы.
Алпыс бір бас түйенің зекетіне,
Бес жасар жәзға болды Хақ пәрмені.

Бинт-и мәхаз – ұрғашы екі жасар,
Бинт-и ләбун – ұрғашы үшті басар.
Төрт жастағы ұрғашыны хыққа дейді,
Қиналмай шын пейілмен зекет жасар.

Бес жастағы түйені дейді жәзға,
Осылардан зекет бер, көп пе, аз ба?
Зекетті ілімменен біліп берсе,
Таусылмайтын өзіңе болар қазына.

Жетпіс алты басқа жетсе ол құралып,
Екі бинт-и ләбунді бер қуанып.
Тоқсан бір бас түйенің зекетіне,
Екі хыққа тұрады екен һәм сұранып.

Жүз жиырма беске жетсе түйелерің,
Екі хыққа бір қойдан зекет бергін.
Жүз отыз бес басқа үш қой, жүз қырыққа
Төрт қой және екі хыққа дегін.

Жүз қырық бес бас болар түйеңізге,
Бір мәхаз, екі хыққа иеңізге.
Жүз елуге үш хыққа берген жанға,
Жұмақтан орын сайлар Иеңіз де.

Әрбір артқан бес басқа бір қой қосқын,
Жиырма беске қой орнына мәхаз, достым.
Отыз алты басқа артса дәулетіңіз,
Мәхаздың орнына ләбун тосқын.

Жүз тоқсан алты баста қуанып бек,
Зекетке берер болар төрт хыққа тек.
Зекет мал дүниедегі қорғаның ол,
Сөзіме сенгін дағы күмәнсіз өт.

Төрт хықақ бұл екі жүз басқа дейін,
Бір қой қос  тағы бесеу асса деймін.

Жиырма бес артса онда бергін мәхаз,
Елуге бір хықақты қосқын дәйім.

Жүз елуден кейінгі есеп осы,
Болғайсың сауапты істің дәйім досы.
Есепті біліп амал жасағанның,
Көтеріліп жүреді көңіл хошы.

## БӨЛІМ

Отыз сиыр зекеті бұзау болар,
Қырыққа бір тананы үкім қылар.
Одан кейін артқан сайын сиыр басы,
Төрттен бірі тананың һәм қосылар.

Екеуге асса тағы білгін мұны,
Тананың беріледі төрттен бірі,
Қырықтан алпыс басқа дейінгі есеп,
Жалғасар осылайша сол әрбірі.

Алпысқа дейінгі есеп, мұны аңғар,
Осылай үкім қылған ұлы жандар.
«Фәниде бер, бақида аларыңды»,
Ханифа сөзінде бұл сырлы мән бар.

Тәбиғ[6] әлде мусиннә[7] болмас сөкет,
Сиырдан егер де берсең зекет.
Тәбиғ ол – жас толтырған бұзау аты,
Мусиннә – жасы оның үшке жетед.

Алпысқа толса егер сиыр саны,
Зекеті екі тәбиғ бар болғаны.
Жетпісте мусиннә мен тәбиғ бергін,
Білгейсің осы болар зекет заңы.

Отыз тәбиғ зекеті тәбиғ болар,
Қырыққа бір мусиннә берсең жарар.
Бір жасардан немесе үш жасардан,
Есеппен бер өзіңнің көңлің қалар.

---

[6] жасынан асқан бұзау
[7] үш жасар сиыр

## БӨЛІМ

Қырықтан жүз жиырмаға қойың жетсе,
Бір қойды жарап жатыр зекет етсе.
Екі жүзден асса егер оның басы,
Екі қой беру ауыр болмас əсте.

Екі жүзден бір қойың асса егер,
Төрт жүз басқа дейін үш қой зекет берер.
Төрт жүзден асқан əрбір жүзге бір қой,
Он мыңға дейін солай есептелер.

Бота, бұзау, қозылар қанша болса,
«Əлиф» «мим» бұйрық емес зекет сонша.
Əбу Жүсіп деп айтады үкімінде:
«Беру қажет егерде саны толса».

## БӨЛІМ

Ат басына бір алтын зекет болар,
Болмаса алтын құнын бер сол да жарар.
Ақта атқа жүрмейді бұл зекетің,
Ханифа үкімі бұл, ей, жарандар.

Болмас зекет биеге жаңа туған,
Біреу бар, біреу жоқ деп риуаят қылған.
Имами Муғаззам һəм Мұхаммед
Үкімдері шертеді осы сырдан.

Муғаззам қаулы айтады өздігінше,
Өзге сыр Мұхамедтің сөздігінше.
Қайсысын қаласаң да қате емес,
Жасай бергін амалыңды өздігіңше.

Имам Шафиғи басқалары жəне тағы,
Заманының ең ұлы қазылары.
Олардың үкімінің негізі бір,
Қылғайсың амалыңды мағыналы.

## БӨЛІМ

Зекетті беру керек қандай жанға?
Бейшара, міскін әлде пақырларға,
Қарызды жан, жолаушы, ғаріптерге
Берсеңіз мол болады сауап мұнда.

Ата-анаға дұрыс болмас берсең бұрып,
Ұлыңа, немереңе болса да ұлық.
Жеті атаға дейінгі туыстарға
Берме зекет шығарып оғаш қылық.

## БӨЛІМ

Кім ұстаса сонікі ұстаған аң,
Мейлі шаруа, уәзір, болсын сұлтан.
Алыңдар үлес дәйім адал болар,
Олжадан үлес берер ұстаған жан.

Бір оқпен атса аңшы құс бірнешеу,
Атқан киік болсын біреу әлде үшеу.
Егерде атқан болса «бисмиллә» – деп,
Халал болар атқаны болса нешеу.

Бисмилләмен атылған болса киік,
Жараланып қашып кетсе оғың тиіп,
Соңынан күн-түн қуып тапсаң егер,
Халал деп жеуге болар оны сүйіп.

«Бисмиллә» деп мұсылман аңды атса,
Жеуге болар с ол бір жан діннен шықса.
Соңынан «бисмиллә» деп дінге енген,
Жеуге болмас аң етін кәпір атса.

«Бисмилләмен» аңдарға салғанда құс,
Халал болып табылар, алғын үлес.
Аңды егер ит ұстап жесе харам,
Жемесе халал болып келер дұрыс.

Бір киікке құсты не итті салсаң,
Ол салғаның өзге бір аңды алса,

«Бисмилләмен» жіберсең болар халал,
Айтылар риуаяттар әлде қанша.

## БӨЛІМ

Бауыздарда пышақты тамаққа сал,
Бір тартқанда қан шықса болар адал.
Бір тартқанда кесілмей шықпаса қан,
Талас айтып жатады ғалым жандар.

Бауыздалған жануардың терісі адал,
Кесілер тамақ пенен омыртқа бар.
Ханифа үш кесуді адал дейді,
Мұхаммед екі кескен дейді жарар.

Тірілік нышаны аяқ қимылдатса,
Ауызын ашып немесе көзін жапса,
Түктері тікірейіп тұрар болса,
Бауыздап жібергенде қаны ақса.

Мұсылман бауыздарда егер бір мал,
Алла атын ұмытса да сойғаны адал.
Алланы күнделікті зікір қылар,
Сондықтан зиян болмас бұл бір амал.

Бозбала, әйел, жүніп бауыздаса,
Халал болар, таласы жоқ оның аса.
Құдыққа не шұңқырға түскен малды
Тамағынан ор дағы амалын жаса.

Киік, құлан, сиыр, түйе, қой мен қозы,
Несібең олар барлығы адал өзі.
Дін ісі артық болар барлық істен,
Барша сөзден абзал ғой діннің сөзі.

## БӨЛІМ

«Шаруамды жасап бергін сен менің»,
«Ісіңді ертең істеп берем мен сенің»,
Деп келісіп, екі адам іс қылса,
Риясыз жасалған іс бір керім.

Түйе, сиыр, қашыр, есек, мейлі ат,
Ертең саған қайтарам деп қалап ап,
Оны мініп, пайдалану  жарамас,
Әрекетің харам болып саналад.

Неше күнге берсең қайта алам деп,
Жалға беру, сауда да емес олар тек,
Қарыз емес және сыйлық болмаса,
Шешімі оның айтылады арам деп.

Ей, мұсылман, естігейсің тәмам ер,
Адал беріп, алған адам арам жер.
Бір алтынға бір дән, тәссу алғандар,
Қатарында кәпірлердің солар дер.

Өсімқорлық – доңыз еті албаты,
Доңыз қаны – өсімқорлық шәрбаты.
Өсім алып, жесе оны қорықпай,
Ондайларға екі жаһан лағнеті.

## БӨЛІМ

Дұрыс болар алтыныңды сат алтынға,
Өсімқорлық арам іске сен талпынба.
Күмістің үкімі де осыған тең,
Тамұққа түсіп жүрме сол қалпыңда.

Сатар болсаң егерде күміс, алтын,
Асырма алтын менен күміс парқын.
Сауданы жасаған жөн келісіммен,
Мәжілісте шешкейсің көңіл нарқын.

Ақша, сом және дағы теңге күміс,
Делінер шариғатта бұлар тең іс.
Бірін артық, ал бірін құнсыз деме,
Тамұқты аңсасаңдар арам жеп-іш.
Біліңдер, теңге және сом күміс,

«Құнына саттым, алдым» десең жетер,
Сауданың парқы дәйім солай бітер.
Өз құнымен жасалған сауда дұрыс,
Шариғатпен іс қылған болмас бекер.

## БӨЛІМ

Сәләммен сауда жасап, іс қылған кім,
Сапасын, түр, сипатын біліп алғын.
Мөлшері, құны және алар шақты
Белгілеп, келісіммен жасар әркім.

Сәлеммен жасалынып алған тауар,
Бір жылда егесіне болса ауар,
Сапасы, мөлшері де дұрыс шықса,
Алладан мұндай іске бір нұр жауар.

Белгілеп өлшем бірлік ретінде аршын,
Егінге бір ай уақыт берсе жан шын.
Мұндай сәләм келісімі дұрыс емес,
Сатып алу шарттары бұзылар шын.

Астық беріп, орнына астық алғын,
Тең сапаға артық астық алмас әркім.
Сапасы төмен болса сәл артық ал,
Несиеге берген жөн болмас бәлкім.

## БӨЛІМ

Сыйлық жасар болсаңдар бір-біріңе,
Шынайы көңілменен бер тіріде.
Мәжілістер тарқамас бұрын берсең,
Тіптен жақсы, төгілер нұр күніңе.

Шынайы сыйлығыңды жұрт та құптар,
Дұрыс деп шариғат осы жолды ұстар.
Ақысын төлемесе алған адам,
Туысыңа берсең, төлеуге болғын құштар.

Ата-ана, ағайын, ағасына,
Ұл-қызы, немере мен нағашыға,
Берілген сыйлықтардың өтеуі жоқ,
Қайтарып алынбайды нақ осылар.

Жандар болса тірі егер берген, алған,
Ақысы төленбестен болса қалған.

Туысынан басқа жандар ақы төлеп,
Дұрыс болып табылар сатып алған.

Кішкентай ұл-қызыңа берген сыйлық,
Тартуың ол өзіңнің оған сый ғып.
Егерде бөгде адамға берілсе бұл,
Қолхатын алу болар оған бұйрық

Сыйлап және алсаңыз бөгет хуруф[8],
«Дәл», «мим», «әйн», «хе», «зе», «һ», «қаф» зуруф[9],
Артығы тағы «м»әут[10], «`»иуаз[11] һәм «х»уруж[12],
«З»әужийәт[13], «қ»әрабәт[14] опат бұл хуруф[15].

Біліңдер, «дәл» – көптік, «мимі» – мәут[16],
«`»иуаз – «әйн», «х» уружы – «хе» ілмі саут[17],
«Зе» – «з»әужийәт, «қ»әрабәт – «қафы» дейді,
«Һі» – «һ»әлак бұл да бір дән болды фәут[18].

Тіл серт берсе құлды азат етемін деп,
Тіл айтып, құлаққа оның жетеді кеп,
Айтқаныңмен оны ойнап, мейлі шындап,
Құл – азат, пайдалану харам, біл тек.

Әйел ғыддет[19] ішінде күйеуі өлген,
Ғыддет жайы орындалар қандай жөнмен?
Күйеуі дертті болмаса талақ кезде,
Жақыптай барлығына дұрыс көнген.

Ханифа Мұхаммед айтар: «талақы фирар[20],
Бұл ғыддеттің ішіндегі ұзағын ұстар».

---

[8] әріп сөзінің көпше түрі, яғни әріптер.
[9] зеректер, ділмарлар
[10] өлім
[11] дотация, төлем
[12] шығын
[13] жұбайлық
[14] туысқандық
[15] әріптер
[16] өлім
[17] фонетика ілімі
[18] өлу, дүниеден өту
[19] күйеуі қайтыс болған әйелдің белгілі бір уақытты күтіп отыруы
[20] әйелінің қалауына қарамастан ер адамның өлер алдында берген талағы

Хайз[21] бен өлімнің де үкімдері
Алдыңғыдай болады, білгін құштар.

## ИРАДАТ ТУРАЛЫ БАП

Білгің келсе айтайын ирада сөзін,
Тыңдағанның ашсын Аллам көңіл көзін.
Жаңадан бастап жүрген мүрит болса,
Мухиб шайхқа табыстасын сеніп өзін.

Егерде сене алмаса мүрит болмас,
Ондай жанға болмайды мұрат жолдас.
Арылмай барлық жаман әдеттерден,
Мұратқа мақсатсыз еш жете алмас.

Дұрыс болар тариқатқа келгенің,
Бойындағы қалсын барлық менменің.
Нәпсіңді тый, бас тарт және өзіңнен,
Жөн болады бір Аллаға сенгенің.

Өлу қажет өзің бұрын өлместен,
Пайғамбардың жөн жолымен күн кешкен.
Жаратқанда болсын барлық көңілің,
Дүниені шығарғайсың шын естен.

Бұл ирада мүриттің жояр нәпсісін,
Тіліменен қуырар ол апшысын.
Ирададан кейін ерсең нәпсіге,
Сөнген оттай бықсып сенің жатты ішің.

Мүрит болсаң бас тарт барлық тілектен,
Бұл ирада жүгендейтін шын өктем.
Болсын десең шайхыларды имамым,
Ирадаға ұйығайсың жүрекпен.

Имамдарға жөн-ау ұйып алғаның,
Сөзден танып және қарсы болмағын.
Тый нәпсіні, тіріңде кел тәубеңе,
О дүниеде өртенбесін жандарың.

Өкінгенмен еш пайда жоқ соңынан,

[21] етеккір

Сен бір ерсің оңғарсаң істі оңынан.
Ажал оғы саған айтып келмейді,
Өнім өнбес қатқан жердің тоңына.

Сәна[22], хәмд[23], тәспі, тәһлил[24] – ол тұқым,
Алла берген тілмен айту болды үкім.
Тіл бақытқа жеткізеді, алайда,
Үміт отын сөндіреді ол бүкіл.

Көзіңменен ғибрат тұқымын ексең сен,
Қолыңменен хайыр-ихсан төксең сен,
Аяғыңмен тіке тұрып қиямда,
Тәшәһудта ықыласпен шөксең сен.

Дәл осындай диқан болсаң егерде,
Сегіз жұмақ сүйіншісі ол ерге.
Оның биік дәрежесін Алладан
Басқа ешкім біле алмас төменде.

Құлақ естіп, мұны кейде көз көріп,
Көңілдегі жатпас мұрат өзгеріп.
Жунейд, Шибли, Диһан, Уәйс, Баязид,
Жан тапсырды сол мұратқа сөз беріп.

Бұл дүние егістігі егіннің,
Қияметте сараланар өнімің.
Нені ексең, ертең соны орасың,
Тура жолда болсын дәйім сенімің.

Ұрығынан тікеннің гүл өнбейді,
Фәсад[25] қылсаң, хайыр[26] да еш енбейді.
Ертеңгіні ойламай бәз пенделер,
«Қайтер дейсің» деп бұған да сенбейді.

Тек ішіп-жеп, рахаттансаң жалғанда,
Шаттанады шайтан жетіп арманға.
Ұмытпағын бар екенін сұраудың,
Сорлап қалма қиямет күн болғанда.

---

[22] Алланы ұлықтау
[23] мадақ
[24] зікір
[25] жамандық, күнәлі істер
[26] жақсылық

Ғибрат көріп, естіп үгіт алмасаң,
Өлместей боп жүрсең егер әрқашан.
Өздігіңше өмір сүре бергейсің,
Ертең кебін кимеймін деп ойласаң.

Ойлансаңыз тәубаңызға келгейсің,
Инабат пен ибадаға көнгейсің.
Тура жолмен жерер болсаң әрқашан,
Қорқынышқа өзіңді ұстап бермейсің.

Инабатпен ұласып сәна[27] қыл сен,
Ирадамен өзіңді фәна қыл сен,
Тәуба қылып, нәпсінің құлы болсаң,
Рәсуа болады талабың сан.

Ирада қожасы ол иманыңның,
Жаныңа шайқы медет сыйлар мыңын.
Ирадасын тәркі еткен жандар лайық,
Тозақтың отына май құйғаныңмен.

## ӘДЕП ТУРАЛЫ БАП

Тариқатта қажет әдеп – жолбасшы,
Онсыз сенің жолың ауыр болмақшы.
Мақамға сен қол жеткізуді қаласаң,
Әдеп сақта, қорған болар ол жақсы.

Даналардың құлақ сал сөздеріне,
Содан кейін амал қыл өзгелерге.
Хадис, нас[28] айтылады дәлелдермен,
Босқа лағып, өтірік сөзге ерме.

Шайқының қызметіне келсе мүрит,
Сәлем бермек болып келген көпті көріп,
Орынсыз мазалама шайқыңызды,
Сақтаған жөн болады әдеп қылық.

Сәлемде көріс және шешіп белді,
Кеудеге кеуде тигіз, кешікпе енді.
Таза сенім көрікті әдеппенен,

[27] Алланы ұлықтау
[28] Құран аяттарын дәлелмен келтіру

Сол жолда жүр, ұмытпа естіткенді.

Ұстағанда қолдарын сілкімегін,
Сілкілеу қашырады жұрт реңін.
Шайқыны күнәһар деп ойламағын,
Көңілге күдік салар сілкігенің.

Барарда мүрит шайқының дәл жанына,
Шайқының бассын қадам сол жағына.
Сәждеге маңдайыңмен құлағайсың,
Алланың жақындарсың оң жағына.

Қадамын мүрит басар әр себептен,
Халі де білінеді сол әдеппен.
Кінәлі жан сол жақтан жақындаса,
Оң жақтан жақындауды біл құрмет деп.

Кінәлідей сезінгін шайқы алдында,
Өзіңде әдеп барын байқар ол да.
Сұхбаттың үстінде назары ауып,
Оң жағыңа қадам басар қайтарында.

Қадамыңды баспағын жөнсіз жылдам,
Жырақтама мұрат пен мақсатыңнан.
Хақтан өзге жайларды сұрамағын,
Әр адымың хабар берсін жақсы атыңнан.

Әдепті біліп және оны сақта,
Жетудің осы төте жолы Хаққа.
Әдеппен еткен қызмет мыңнан артық,
Білместікпен былыққа және батпа.

Мүсәпірдің жағдайын білгін сұрап,
Суфрадан[29] тұрғаннан кейін бірақ.
Асығыс болмаса егер асықтырма,
Үш күндей күте тұрғын тағы шыдап.

Тамақты жеудің дағы әдебі бар,
Оң тіземен отыр да алдыңа ал.
Алланың атын айтып, тұздан баста,
Өзіңе сонда берер береке Жар.

---

[29] дастархан

Тамақты көп шайнағын аздан алып,
Өз алдыңа отырғын назар салып.
Жеп болған соң қолыңды жуып сосын,
«Әлхәмду лиллә» – дегейсің ажарланып.

Су ішкенде үш рет демалып іш,
Бұрылмағын, әдептен болар алыс.
Бар асылың суменен кетер ағып,
Шаршатады әдептен кетсең шалыс.

Мүрит кірер мешіт не ханақаһқа,
Оң аяқпен, сол аяқ шығар шақта.
Үйіңде де осылай еткін бәрің,
Теріс болмас амалың шариғатқа.

Әжетхананы аттағын аяқпен сол,
Сол қолмен сүрт, бұл саған көрсеткен жол.
Алда жүрсін оң аяқ шығар кезде,
Есте сақтап, қашанда әдеппен бол.

Сақтап жүргін шариғат үкімдерін,
Тариқаттың әдебі бүкіл керім.
Амалыңды қаулымен жалғастырғын,
Күн-түн демей ісіңді бүтіндегін.

## ИҚТИДА ТУРАЛЫ БАП

Білгейсіңдер кімге ұю керектігін,
Тура жолға жетелер зерек ілім.
Ондай жандар анық білер ақиқатты,
Тыңдағын, мен айтайын дерек бүгін.

Сүлікпенен[30] мәжзуб[31] болса бұл муқтәда[32],
Ижазатты болса лайық ол иқтида[33],
Мейлі мәжзуб, мейлі салик[34] болсаң да ұйы,
Тура жолда муқтәда[35] мен ол муһтәда[36].

[30] тариқат
[31] Аллаға ғашық
[32] ұюшы
[33] артынан жүру, еліктеу
[34] ұстаз, яғни Аллаға ғашық ұстаз керек
[35] артынан жүру, еліктеу
[36] тура жолға түскен

Қарапайым салик[37] әлде мәжзуб[38] имам,
Жеткізе алмас мұратқа сені тамам[39],
Мәжзуб болса ләззатын сезінбейді,
Дін жолында жүрген салик болсын әман.

Бір өзіне ғашық етер оны Алла,
Жат көрінер Алладан өзге жол да.
Мәжзуб дейді мұратқа ұмтылғанмен,
Жүрген жанды дәл анық білмес жолда.

Иқтида лайық та болмас оған,
Көрсете алмас Хақтың жолын саған.
Мурабби[40]-у мәкшуф[41]-у болса ұйы,
Тура жолға бастайды ілімді адам.

Шайқы берсе тәрбие мурабби жанға,
Тәкәллуф[42] етіп ап шығар тура жолға.
Мурабби[43] сол сәтте-ақ мәкшуф[44] болар,
Қол жеткізер ашылған мағрифатитарға.

Тәлім сөзбен ашылар ,біл, мағрифат,
Аяқ-қол, құлақ-көзің, тіл мағрифат,
Жер мен көк, күн менен ай, тау, теңіз көр,
Ойға сал, Хақтан саған бұл мағрифат.

Тұтқын болар ғаріп жан жетіп Хаққа,
Құдіретін бәсирдің[45] көрген шақта.
Нығметіне шүкірлік етер сансыз,
Ризалық танытып өлген шаққа.

Нышаны сабыр ету ғашық жанның,
Шүкір қылу қазасына бір Алланың.
Азап пен пейнетті де көтереді,
Шынайы опасы деп бұл жалғанның.

---

[37] ұстаз
[38] Аллаға ғашық
[39] барша
[40] бапкер
[41] ашылған, зертелген
[42] өзіне ауыр міндеттер қабылдау
[43] бапкер
[44] ашылған
[45] көруші, мұнда Алла Тағаланың сипатын айтып отыр.

Ұғыңдар бәйітімнен нышан аян,
Деп жүрмеңдер бұл бір жәй шексіз баян.
Жаңаша таным болсын деп мүритке,
Әдеп пен ілімдерден сырды жаям.

Таным жолы ашылса алдыңыздан,
Қарғынға да қарама жарды бұзған.
Күнәлі істей көрінер амалдарың,
Құтылғандай боларсың жарлы құздан.

## СҰХБАТТЫҢ БАЯНЫ ТУРАЛЫ БАП

Тариқатқа сұхбат қып жүргің келсе,
Тереңірек мәнісін білгің келсе,
Тілектерің бір жерден шықсын дәйім,
Сен онымен, ол менімен болсын десең.

Бірліктегі тілектер болса нисбәт,
Екеуінде ашылар нағыз сұхбат.
Екеуінің бірі егер келіспесе,
Ол тобырдың әдеті, болмас үлфәт[46].

Бұл үлфәтті жануар, тобыр ұстар,
Сұхбатына хас жанның болғын құштар.
Тіл сайрап, жеткізбесе айтар ойды,
Жауапсыз сан сауалдар көңіл қыстар.

Айту үшін шаға біл сүйек майын,
Атағың осы жолда шықсын дәйім.
Мыңдарды ауызыңа қарата біл,
Достарың сен үшін де қылмас уайым.

Білгейсіңдер бұл жалған сайқали жол,
Әркімдер де жеткізер байлыққа қол.
Өсек-аяң айтады, жала жауып,
Ертеңді ойламастар қорықпас сол.

Дос көңілді айырар жала жабу,
Жақсы адамдар ұстамас санада у.
Нәпсіге еріп, көксеуші рахатты,
Қатарында шайтаннан досты табу.

[46] достық қарым-қатынас

Тура жүр жолын ұстап шариғаттың,
Құлағыңмен үнін есті тариқаттың.
Іштегі сен өзіңді жеңе алсаң,
Ашылар жолы саған ақиқаттың.

Жөнсіз болып көрінер бір қарағанға,
Ішіне кір, мұқият және аңда.
Тақуалық жол ашар бағыт дәйім,
Махаббаттың алауын жаққан жанға.

Махаббаттың оты өртер бауырды,
Қабыл етіп киіндірер тәуірді.
Уәра[47] мен зуһд[48] және тақуа[49],
Ілімділер түсінеді дәуірді.

Тақуасың харамнан жырақ жүрсең,
Уәра[50] күдіктіден сақтар білсең.
Бұлжытпай ұстағайсың Хақ бұйрығын,
Зуһд бұл – бас тартуың дүние істен.

Иланбаған ілім мен амалға бұл,
Мақамның дәрежесінен қалар ол құр.
Иеміз кімді сүйсе сағадат[51] қой,
Тура жолдан таймаған нағыз ол құл.

Ғибадат, уәра[52], зуһд[53], тақуа[54] хижаб,
Көп жандар осылармен болар хараб[55],
Жамылғысын киіп көр нұр мен зұлмат,
Ділім[56] су де, айналар суға сираб[57].

---

47 харамнан қашу, тақуа
48 тәркідүниедей құлшылыққа берілу
49 діндарлық
50 харамнан қашу
51 бақыт
52 харамнан қашу
53 тәркідүниедей құлшылыққа берілу
54 діндарлық
55 ойран
56 жүрек
57 сағым

Ғибадаттың баршасы тұнған сурет,
Сидқ[58] пенен ықылас оған сирәт[59],
Мұқтаж жандар шынайы ғибадат ужуд[60],
Шапанымен болады ол бір қымбат.

Нышаны амалыңның қабылданған,
Хайырдың соңынан һәм хайыр қылған.
Болмаса әзіз амал еткін қабылдардай,
Тауфиқ әзіз болады қандай жолдан?

Сидқ[61] пен ықылас таза көңілді ашар,
Періштедей нұр алып жандар ұшар,
Ақыл кетіп, санаңа таным жетіп,
Мақам көріп, тағы бір мақам құшар.

Тани білсең Алланы сен шынайы,
Өзге нәрсе сұрай берме ұдайы.
Сиуаллаһ[62] сөзден көңілді еткін азат,
Нуруллаһқтың[63] кенелтеді шырайы.

Өз үстінде жазылған нұрдан бітіг[64],
Ұға алмас көптеген мұны тетіг[65],
Қайралып қаншама рет тұрғанымен
Өткір пышақ өз сабын кетпес кесіп.

Өзіңе тағы өзге мурабби[66] керек,
Ақылды болмаса да сонша зерек,
Хадис, насқа[67] ақылмен арқа сүйеп,
Қорықсын бір Алладан жан мен жүрек.

---

58 турашылдық
59 жол, ахлақ
60 болмыс, дене
61 турашылдық
62 Алладан өзге
63 Алланың нұры
64 хат, жазу
65 зерек
66 бапкер
67 Құран аяттарын дәлелмен көрсету

Хадис, нас әбәдул-әбәд[68] жаныңызға,
Ақылменен бірігер тәніңіз де.
Ақыл тұсау болады кеубіреуге,
Ақымақ аңсар жұмақ әлі бізде.

Жұмаққа қарамайды ғашық жандар,
Көзінде өзге сыр бар оны да аңғар.
Болады олар елдің игілері,
Ғашықтық сөздерінде шын бір мән бар.

Ғишық тілі – ғажап тіл ұғып болмас,
Үйренсе кім қылмайды жанды жолдас.
Ұйыр болса ғашыққа ғишық егер,
Дүние оны ешқашан қызықтырмас.

Хәл сұрар егесінен тұрса ғажап,
Кенеліп көңілдері болса тараб[69],
Тіл, ауыз, тамақ бәрі ұқсағанмен,
Ажамды айтса түсіне алар ма араб.

Сәмағ[70] болса ғашық жандар биқарар[71],
Мұны жұрттар дұрыс па деп көп сұрар,
Нәпсі өлсе қалауымен ол рәуа[72],
Кім сұрайды деп сәмағ неге жарар?

Нәпсі өлсе, басар алға істеріңнің айласы,
Оны жұртқа айтқанның бар ма екен пайдасы.
Мақсатына қол жеткізер осы жолмен жүргендер,
Адамдарға осы жаннан нәсіп болар шәйласы.

Әлем – кітап, мұқияттап оқылуға тиіс ол,
Көздеріңді ашып қара, көрінеді оң мен сол.
Күн мен айдан жүз-жамалы жарқырайды қаттырақ,
Жамылғыдан шықпас бірақ шашса дағы шуақ мол.

Сен үшін де ашылмаған кедергі бұл мендігің,
Ажыраған қалады мен, кетер болса сен бүгін.

---

68 мәңгі бақи
69 қуаныш
70 кейбір тарикат иелерінің экстаз халінде биге түсуі
71 қарарсыз, шешімсіз
72 ыңғайлы, сәйкес,

Қажет емес мына сапар, сен де оған кедергі,
Мекендерге болмаған бір бұлар көшер кемді күн.

Қандай істі қаласаң да бар өзіңде барлығы,
Өзіңнен бас тартсаң берер бұл Алланың жарлығы.
Бас тартпастан күндіз-түні дүниені кез мейлі,
Жете алмайсың мақсатыңа, ол сананың тарлығы.

Егер дағы тілегің мен болса басқа мақсатың,
Жоқтық сенен айрылмайды, шықпас және жақсы атың.
Ешкім мәңгі бола алмайды, жоя алмаса «мендігін»,
Тілек біреу болғанымен кедергілер қаптар шын.

Намаз, азан, ораза мен рукуғ және бұл сужуд,
Ақ жібектен тоқылғандай болмысың ғой ол ужуд[73],
Болмысыңда жомарттық пен сәждеге орын болмаса,
Пайда бермес ешқашанда саған сужуд пенен жуд[74].

Сужуд пен жуд, хайыр-ихсан қылсаң дағы қаншама,
Өз өзіңді көре алмасаң, онда зағип жан сана.
Үйіп-төгіп берген сенің қайырыңнан қашан да,
Шынайы сөз артық болып тұрады екен баршаға.

## ШАРИҒАТ, ТАРИҚАТ ЖӘНЕ ХАҚИҚАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ БАП

Шариғат, тариқат пен хақиқаттан,
Басқа сөз айтпаған жөн насихаттан.
Хақиқат – жебе ұшы, тариқат – сап,
Шариғат – оқтың жалы, білер атқан.

Жалы жоқ оқты қалай ата алмақсың,
Ұшы жоқ жебені кім батырмақ шын.
Хақиқат – көңіл, тариқат – болса ақыл,
Болмыстың жаны осы – шариғат бұл.

Қандай іске жарамақ жансыз дене,
Естімес және алмас көз де көре.

[73] болмыс
[74] жомарттық

Шариғат – тіл, тариқат – естір құлақ,
Хақиқат – көз, орынсыз болмас неге.

Шариғат – білу және сұрағаның,
Тариқат – кірер жолды құп алғаның,
Хақиқат – талапкердің мақсаттары,
Осылармен мәжіліс жөн құрағаның.

Шариғат – Расулдың қаулысы ол,
Тариқат – Расул істеп жасаған жол.
Хақиқатты айтайын білгің келсе,
Ахуалы пайғамбардың болады ол.

## ЖҮРЕК ПЕН НӘПСІНІҢ БАЯНЫ ТУРАЛЫ БАП

Рух пен нәпсі нәтижесі бұл көңіл,
Жеңсе бірі, екіншісі күрт кемір.
Шейх Шәрәф осылай деп жазыпты,
«Мәбади сулук» кітабында сыр небір.

Көп шайыхтың сөзі осыған саяды,
Толғандырған көңіл, нәпсі баяны.
Көңіл қойып, құлақ салғын сөзіне,
Жолығарсың баққа ғажап саялы.

Көңіл, нәпсі жайын олар шертеді,
Бұл баяным емес саған ертегі.
Нәпсі деген азғындыққа бастайды,
Ал көңілің жақсылыққа ертеді.

Шағымдану нышаны ол нәпсінің,
Зікір қылған жерде тұрып нақ шыны.
Береке алып, даурығады дау қуып,
Надандыққа бастайды ол жақсыны.

Қалағанда азғындық ол – әммара,
Келгенінде тәубеге ол – ләуумара.
Тура жолда нәпсі болар мутмәиннә[75],
Көмегімен бір Алланың мулһәмә[76].

[75] көңлі жай тбау
[76] аян етуші, аян етілген.

Инабат[77], ирадатпен[78] қыл ғибадат,
Нәпсінің аты осылай болса сипат.
Көңіл мен нәпсіңіз де тыныштаəлып,
Шынында мутмәимннә болар нәжат[79].

Осылай мүрит жүрсе тура жолда,
Нәпсіні жеңсе жолы болар онда.
Шынайы мухибім[80] деп айтса Алланы,
Бақыт пен бостан келіп қонар қолға.

## ТАРИҚАТ ТУРАЛЫ БАП

Тыңдағын дін жолына түскен жандар,
Мәжіліс құрушылар сөзімді аңдар.
Зуһд[81], тақуа[82], уәра[83] амал бәрі бар деп,
Болмаңдар надандықтың жолын таңдар.

Уәра, зуһд, тақуа болар аман,
Бірге жүрсе қашанда тіл мен иман.
Амандықтың болмағы иманменен,
Жоқ болса хақ дегенің ол бір күмән.

Мұсылман болу үшін керек иман,
Содан кейін жөн болар жүзді бұрған.
«Астағфирулла» аузыңда жүрсін дәйім,
Жалықпа, кем болмайсың өзің бұдан.

Инабат[84], ирадәтті[85] қылсаң серік,
Хақ зікірі құлабыз[86] тұрсаң сеніп.
Тура жолмен жүргейсің өлгеніңше,
Адастырмас өзіңді иман берік.

---

[77] Хақ жолына түсу
[78] ерік, жігер
[79] құтылу, азат ету
[80] сүйікті
[81] тәркідүниедей құлшылыққа берілу
[82] діндар
[83] харамнан қашу
[84] Хақ жолына түсу
[85] көңіл қалауы, ерік, жігер
[86] жолбасшы

Алланың әрқашанда зікірін біл,
Байланып ілімдерге ғибадат қыл.
Әмірін Оның дәйім берік ұста,
Тыйым салған істерден сақтанып жүр.

Мұндай зікір көңілден нәпсіні үзіп,
Опа менен сапаны берер сүзіп.
Ойдағы уәсуәстерді[87] қуып шығып,
Көңілдердерді тазартар болса бұзық.

Өзіңнен бұл сипатты көре алмасаң,
Асықпа оны тауып бере алмасаң,
Инабатсыз[88] ирадат[89] болмақ емес,
Ирадат жоқ махаббатсыз сене алмасаң.

Инабат пен ирадат ғашыққа имам,
Зікірлі жан Алланың досы мудам[90].
Жүздерің нұрланады зікірменен,

Ғәріптерге құлабыз[91] зікір тамам[92].
Құдіретке жетер жан зікірменен,
Нышаны – машық тұту күтімменен.
Зікірмен ашылғанда бар құпия,
Тұтасып кетер бірге бүкіл денең.

Ашылар зікіршіге алдан машық,
Машықтан кетер терең ой жалғасып.
Бәшарат[93] көзі ашылар терең ойдан,
Көңіл, нәпсі батылдан[94] болар қашық.

Шешімдерді көңіл көзімен шешпесе,
Нәпсі қалауынан бас тартқан күй кешпесе,
Қайдан білмек мына жолдың баянын,
Болмысынан өзге күйге көшпесе.

---

[87] көңілге келетін әртүрлі кірбің ойлар
[88] Хақ жолына түсу
[89] көңіл қалауы, ерік, жігер
[90] әрқашан
[91] жолбасшы
[92] барша, бүтіндей
[93] сүйінші, қуанышты хабар, бірақ мұнда жүрек көзі деген мағынада
[94] адасу, адасқан

Нәпсіні тыйып, түйінді істі шешіп ап,
Махаббат оты көңілге қонса көшіп ап.
Бауырды[95] езіп, сарғайтып жүзді айтса егер,
Дұрыс болады «тарихат сөзі – осы-ақ».

Қашанда дауласушы жандар телім[96],
Егерде білгіш болсаң айтқын жөнін.
Бұл жолда дауласу болмас муһал[97],
Мейлі сен сәлде ора, кигін кілим[98].

Дін ұстансаң таза бол, тура жүргін,
Қатеден дұрысты айыр, сақтан құрбым.
Махаббатқа, ғашықтыққа мас болған жан,
Сүйіктісі Алланың, құлдық ұрғын.

Мағшұқ[99] үшін сен дағы бір айнасың,
Бар әлемді шарлама, жоқ пайдасы.
Алладан басқаларға көңіл суыт,
Осы болар баянымның бар мағынасы.

«Әр-рәдту ән `ураф» дәлел болар бұған,
«Йуһиббунәһу» шапаны сыйлық саған.
Аулақ жүрер бар бидғат амалдардан,
«Йуһиббуһум» даусын естіген ғашық адам.

Олар жүрген жолмен сен де жетесің,
Иланасың көзбен көріп төтесін.
Ашылады білгенің мен жоқтығың,
Бұл жалғаннан жырақтарға кетесің.

Фәна теңіз түбіне сен батасың,
Ұмытасың мына жалған жапасын.
Пәле, қайғы болса сенің амалың,
Сүйіктіңнен сондай амал татасың.

Пәле менен қайғыға һәм батасың,
Табу үшін ләззатты ащы татасың.

---

[95] жүрек
[96] көп
[97] мүмкін емес
[98] дәруіш киімі
[99] сүйікті жан

Бос болмаса мәсиуа[100] зұлматы,
Пайда бар ма нұрға толса қапасың?

Алып тастап бөгеттердің баршасын,
Оны табар алып заттың соншасын,
Хақиқатты іздеген жан әрдайым,
Тапсырады тілектерін Хаққа шын.

Осылайша жүрген жандар уисал[101],
Жолбасшысыз қауышу ол бір мәқал[102],
Өзін өзі таба алмаған жан болса,
Айрылады сезімнен бар мәжал[103].

Айтылмайды сен, мен деген қил-у қал[104],
Әсуәтпен[105] сөйлеу онда бір муһал[106],
Үмметіне Хәбибтің[107] лайық хәбибтік,
Миғраж лайық болса, лайық бұл хәл.

## АЛЛАҒА ШҮКІР ЕТУ ЖӘНЕ ЖАҚСЫЛАРДЫ ЕСКЕ АЛУ ТУРАЛЫ БАП

Шүкір дейміз, һезар[108] мадақ Жаратқанға,
Жалғыз Ол, баршамызды жаратқан да.
Бар фәләк[109] әміріне бағынады,
Әмірімен жердегі таң атқан да.

Үш жүз он үш мүрсәл[110] мен бұл русул[111],
Алладан бізге келген расулы еді кулл[112].
Жаһанды жаратқан сол құдіретке
Баршасы бола білген шынайы құл.

---

[100] Алладан басқа барлық болмыс
[101] қауышу
[102] сөз
[103] күш, қуат
[104] өсек-аяң, қауесет
[105] дауыс, дыбыс
[106] мүмкін емес
[107] Сүйікті, мұнда Мұхаммед пайғамбарды айтып отыр.
[108] мың
[109] аспан әлемі, планета
[110] пайғамбар
[111] Алланың елшілері
[112] барша

Бұл дүние жаны болар сол бір жаран,
Жоқ болса дүние де қалар қараң.
Олардың қашан дағы дұғалары:
«Дүние тыныш болсын, ғалым аман».

Олардың жүрер жолы шынайы жол,
Сол жолмен жүрген Баба уәли[113] ол.
Амалы қайыр-ихсан қашандағы,
Зікірдің бақшасының бұлбұлы сол.

Әлемге қорған болған бар һимметі[114],
Тек дұға болды оның мол дәулеті.
Тариқаттың жолында жүрген жанның
Ұстайтыны Баба жаран һәм сүннеті.

Баба Ерен періштедей болды ужуд[115],
Азығы – қиям, рукуғ және сужуд.
Жомарттығы болды оның кәрәм[116] кені,
Мәужуді[117] білгейсіңдер еді ғой жуд[118].

Уилайәт[119] бір керемет ғибадаты,
Есепсіз сыр ақтарар ишараты.
Шынайы құтб[120] болды ол әлемге,
Шуақ шашар көңілге ирадаты.

Қасиетімен жаныңа ғибрат ашып,
Жүруші еді есепсіз жауһар шашып,
Тариқат жолындағы пәк мұжтәһид[121],
Бөгеттердің талайын өтті басып.

Тура жолға ол дәйім басқан қадам,
Өтті барлық нұр мен зұлмат хижабынан.
Ащы у ішкендейін хәлге түссең,
Бал, шекер ұсынды ол баршаға әман.

---

[113] әулие
[114] ынта, жігер
[115] болмыс
[116] мейірімдік. жомарттық
[117] жаратылыс, барлық
[118] жомарттық
[119] әулиелік
[120] тариқат жетекшісі
[121] діндар

Мәңзәйүр[122] жан әлемде бар ма екен,
Етпейді қызмет фәләк[123] жанға бөтен.
Ғаламда оған теңдес болған емес,
Әлемге шаттық, назды арнап өтер.

Тіл шаршар айтар болсаң мың сипатын,
Көрсетер еш ұйықтамай ілтипатын.
Дәл сондай түс жорығыш бар ма бүгін,
Жолын ұстап бір өзін пір тұтатын.

Жаратушы илһамімен[124] түс жорыған,
Ұйықтамай періштедей ол торыған.
Шариғат, тариқатпен тура жүріп,
Хақиқатқа қауышқан ол молынан.

Күні-түні аузында болған нийаз[125],
Бұлбұлдай сайраушы еді келгенде жаз.
Сыпайы мінезімен ол тәкәллуф[126],
Хақиқат айтып ылғи жүрер мәжаз[127].

Көңілің көтерілер көрген кезде,
Кеудеңде кек, бұзықтық болмас өзге.
Бәзбіреу көрсетсе де көп жамандық,
Жақсылықпен жауабын берер сізге.

Атамды мадақтауға жетпес тілім,
Көркі мен ахлақы сансыз телім[128].
Баршамыздан мінезі көркем еді,
Расулды деді Алла хулқин `әзим[129].

Мінезінің абзалы – сыпайылық,
Сол мінезбен көрінер шырайы ұлық.
Шариғат, тариқаттың жолын тұтсаң,
Тәкәппарлық мінезді ұдайы ұмыт.

---

[122] ұқсайтын. ұқсас
[123] аспан әлемі
[124] шабыт, яғни Жаратушының шабыты деген мағынада
[125] дұға
[126] өзін жақсы етіп көрсету
[127] метафора
[128] көп
[129] ұлы ахлақ

Болады кейбіреулер білімге мас,
Надан деп өзгелерді сөгер алғаш.
Мұсадай қанша білім жинасаң да,
Қызырдай надан деуге және болмас.

Заһир[130] көздің хижабы – кірпік, қабақ,
Батында[131] жоқ хижабы жеті табақ[132],
Алла – ұстаз, ал, көңіл – медіресе,
Ақыл, сана кетіріп берер сабақ.

Әлемде телім[133] болар білікті ілім,
Дауласып киеді олар тағы кілим[134].
Ілім мен кілимге егер иланбаған,
Келеді Алласына жүрексіз сәлим[135].

Сәлим ол – шекпесе азап көңіліңіз,
Махаббатқа арналмаса өміріңіз.
Дүниенің түсініп мақсаттарын,
Хақтан өзге болмаса сеніміңіз.

Осы көркем мінезбен амал үзе[136],
Жүрген Баба Мәлік те өмір кезе.
Жолбасшы болды дәйім мұқтәдаға[137],
Бабаларға қарап сен де көңіл түзе.

Өзіне жарасады көркем сипат,
Тарту болды шынайы оған хәйат[138].
Тура жолды көрсеткен Хужатулланың
Шынайы және болды қадамы сәбат[139].

Қалада, сахарада етті нийаз[140],
Мінәжатпен жалынып айтты мұң, наз.

---

130 сырты, яғни сыртқы әлем
131 іші, яғни ішкі әлем
132 қабат
133 көп
134 дәруіштер киімі
135 сау
136 үсті
137 ұюшы
138 өмір
139 берік
140 дұға

Алланың құзырына жақын барып,
Күні-түн отыратын Иемен раз[141].

Тіліммен уәсф[142] айтсам өзіңе мен,
Баймақыммен[143] биәдепті сезілер ем.
Бабамды еске алу – бар мақсатым,
Қолдауымен мен оның сөзін терем.

Осы айтқан сөздерімнің аты Ислам,
Арманы оның иман һәм мұсылман.
Ислам уәлийул-уәра[144] Баба жолы,
Тіліндегі зікірі түмен әсләм.

Құдайым, рухына төгілдір нұр,
Таза пәк шапағатыңды оған тегүр[145].
Әхәдсің[146], Самәдсің[147] сен һәм Кәримсің[148],
Хәлимсің[149], Рауфсың[150], ей, Ғаффару Ғафур[151].

Ғуфран[152], ризуаны шексіз Алла,
Мейіріміңмен Расулды Өзің қолда.
Иләһи, жеткізгейсің рухыңа,
Рухын бөлегейсің бақыттарға.

Бәйітімнің аты болар «Мұғинул-мурид»,
Естіп амал қылғайсың тауфиқ[153] мәзид[154].
Күшіңнің жеткенінше еткін жәһд,
Хидаят[155] көрсетеді Хәмид[156] ун Мәжид[157].

---

[141] сыр, құпия
[142] баяндау, суреттеу, сипаттау
[143] мақсат, талап
[144] әркімнің қабылдаған адамы
[145] тигіз, жеткіз
[146] Жалғыз, Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, Оның Бірлігін білдіреді
[147] Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, Оның ешкімге мұқтаж емес, қайта барша жаратылыс Оған мұқтаж деген мағынада.
[148] Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, мейірімді, жомарт деген мағынада
[149] Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, мейріміді, жұмсақ деген мағынада.
[150] Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, қорғаушы деген мағынада.
[151] Кешірімшілдердің кешірімдісі, яғни Алланы айтып отыр.
[152] кешірім
[153] көмектесу, жәрдемдесу
[154] қосу, үстеу
[155] тура жол
[156] Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, мадақталған деген мағынада.
[157] Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, ұлы, мәртебелі деген мағынада.

Жазғаным дұрыс шықса Рабтан ата[158],
Түзетіп жібергейсің болса қате.
Жігіттер, бауырмыз ғой барлығымыз,
Шапағатын аямай етсін бата.

Иеміз берді тауфиқ[159] және кәләм[160],
Ораза айында бұл болды тамам[161].
Жеті жүз он үшінші жылы жаздым,
Сәләмун әләйкум, уа әлейкум сәләм.

Тамам, 713 жыл

---

[158] тарту
[159] көмектесу, жәрдемдесу
[160] сөз
[161] бәрі, аяқталды, бітті

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Миңнегулов Х. Дөньяда сүземез бар.... Казан: Татарстан китап нәшрияты, 1999. -336 бит.

2. Наджип Э. Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. Туркестан: Туран, 2007. – 268 с

3. Турсунов У, Уринбоев Б, Алиев А. Узбек адабий тили тарихи. Тошкент: Уқитувчи, 1995. – 264 б.

4. Ecmann J. harezm, Kıpçak ve Çağatay türkçesi üzerine araştırmalar. Ankara, 2003. -438 s.

5. Наджип Э. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. Туркестан: Туран, 2004. – 291 с.

6. Şeyh Şeref Hace. Mu΄inü΄l-mürid. /hazırlayan Doç.dr. Ali Fehmi Karamanlıoğlu. İstanbul: Beşir kitabevi, 2006. – 190 s.

7. Самойлович А. Тюркские языкознание. Филология. Руника. Москва: Вост. лит., 2005. – 1053 с.

8. Китәбун мустәтаб рәунәкул исләм. Қазан: Университет баспаханасы, 1883. – 48 б.

9. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. 1 том. Алматы: Алаш, 2003. –408б.

Т.Е. Қыдыр
К.М. Мустафаева

# «Муғинул-мурид»
## («Мүридке көмекші»)

Заказ № 23/14 Басылым 300 дана
Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты
ЖШС, "Ideal Group" жарнама агенттігі, 160021
Шымкент қаласы, Қонаев д-лы, 60
E-mail: reklama@idealgroup.kz